

44
926

Ожан ҚАЛИ

ОЙ-МЫСЛЬ

С. Муканов атқыдағы
облыстык әмбап
Кітапханасына,
автордан Оқиға

1.1.2002



Ожан ҚАЛИ



ОЙ - МЫСЛЬ



Петропавл қаласы
2008 жыл

ББК ~~8~~ 94.8

Қ 26 Қали О.

Қ 26 **Ой - Мысль** - Петропавл: АО «Полиграфия»,
2008. - 304 бет.

ISBN 978-601-7029-00-5

*Kitap, ойлы сөздің қадыр-қасиетіне
көз салып, көңіл аударатын көтшілік
окырмандарға арналған.*

~~Сөз~~

Ойды ~~о~~ козгайды демекші, орамды да
ойлы, тұнық, ой бұлағының бастау көзін ашып,
таза мөлдір кәусарынан сусындаймын деу-
шілерге ақ жол тілеймін. Ой салу еске алудан
нәзік іс. Жұрт қалай ойласа солай емес,
өзінше ойлау - ақылдылықтың белгісі.

Оңай-

ББК 87.2


Қ 0301010000
00 (05)-07

45403

ISBN 978-601-7029-00-5

012

©Кали О., 2008





*Төркінін ойлы сөздің болсаң бағар,
Бойыңа жан біткендей жылу тарап
Жанды сөз аспаныңды шайдай ашып,
Өшпестей көкірекке шырақ жасағар.*

Автор.

АЛҒЫ СӨЗ ЖАРҒЫ СӨЗ

Бұл жалған дүниеде не нәрсенің бәрі ақыл сөз, тіл жетпес ойдан бастау алып туындейды. Адам ойы жиырмасынышы гасырда ғана жаңадан табылып жатқан түпсіз әлемдегі “Кара түнек құрдым” тұңғирыққа пара-пар, ешқандай шек жоқ мәңгілікпен сабактасып жатқан өз алдына бір ерекше ашылmas жұмбак дүние ме деп ойлаймын. Адамзат баласы ойға ықыльм заманнан бері сапар шегіп, керегін іздестірген, әлі де іздестіріп келеді. Әлем түпкіріндегі «Кара түнек құрдымға» астрофизиктер қалай ізденіс жасап керегін тауып жатса, ой түбіне жеткен адам баласы бар деп ешкім де айта алмайды.

“Кара түнек құрдым” қандай жұмбак болса, адам ойы да сондай құпиясы ашылмаған жұмбак. Осындай шексіз де түпсіз оймен мына дүниені танып білудің амалдары жаратылған. Алғашқы адам баласы Алла жаратқан ауаны тегін жұтып, сүйн іше жүре ең алдымен ысқылаудан, содан кейін шақпақ тастан от шығару амалын тапқан. От адамдарды жылытып, сүйқтан, жауларынан қорғаган. От адамдардың бұдан былайғы өмір сүруінің басты қажетіне айналған. Отты мұқияттықпен дұрыс тізгіндесе ғана пайда беретінін білген, ал тізгіндей алмаса от алапатынан ажал табатынын да ұққан. Адамзат баласы міне содан бері отпен өмір сүріп, отпен ойнаймын деп одан опық жеп екі ғажайып құбылыс арасында алма кезек өмір сүріп келеді.

Жиырмасынышы гасырда отты дұрыс менгеру арқылы шексіз әлем кеңістігіне шығып, басқа мұлдем жат дүнилерді біліп, қайтадан жерге оралуды менгерді. Оттың даму болашағы да әлі шексіз өз алдына бір тылсым дүние. Адамзат осындай басты айналдырар орасан табыстарымен қатар, от деген алапаттан орнын ешуақытта толтыра алмас асқан жауыздық, мұны

ноқталаудың амалдарын алдын-ала таба алмайтын жағдайға ұшыраса, адамзат бұдан өзін-өзі мүлдем жойып жіберуі де ғажап дүние емес. Мұның өзі адамзат алдындағы өте-мөте кәдік құбылысқа айналып барады.

Сондықтан адамзат баласы ендігі бар ойын, ісін осындай өзі тауып жасаған апаптан аман сақтаудың түрлі ігі жолдарын іздестіруде уақыт оздырмай тұра қазір бет бұрып, онтайлы деген амалдарына ешбір кідіріссіз тұп-тура, міне қазірден бастап қолға алулары керек. Мұны ертеңге қалдырса адамзат өзіне-өзі сатқындық жасап нағыз опасыздыққа белшеден батады.

Бұл үшін ең алдымен не істеу керек? Бір жаратушыдан түскен қасиетті төрт кітаптың ең соңғысы Құран Қәрімге құлшылық ете жүгіну керек. Оның бір хадисінде «Әркім өз ниетімен айқын» деген уағызы бар. Осы қасиетті сөзге бар ықыласпен жан-жақты да терен ой жүгіртіп қараңыздар, Халайық! Иә, адамзат баласы ендігі жағдайда ниетін, тек қана ниетін он жолға қарай бейімдеу арқылы, ақылға қонымды іс-әрекет қимылдарымен танылуы тиіс. «Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар» деген қағиданы да адам шығарған. Осы тұжырымды дұрыс деп тауып макұлдалап жүгінер болсақ, адам ең алдымен ауыздан шығатын сөзге ие болу керек. «Жақсы сөз жарым ырыс» дейді, мен «жақсы сөз бүтін ырыс» дер едім. Адамзаттың тұп атасынан бері қарым-қатынасынан басталған сөздің құдай жаратқан жақсы деген қасиеттерін дұрыс сейлеу арқылы, дұрыс қолдану арқылы адамдарни онға бұрып, барлық жамандық атаулыны жоюдың алғы шартына жол ашу керек.

Кезек күттірмейтін бұл іске құдай жаратқан әр пенде, міне қазірден бастап айнымай кідіріссіз кірісуіміз керек. Барлық халықтар болып осы игі іс арқылы патшаларға ықпал жасап отыруға щұғыл түрде бейімделу керек. Ортақ тіл табысудың икемді де үйлесімді жолдарын табуға тырысып, адамзаттың

жарқын болашағы үшін қызмет ету керек! Мұны ертеңге қалдырысақ орны толмас опық жейміз, кеш қаламыз.

Өз басым бұл өмірде сегіз патшалықтың кезеңдерінде өттім. Бір кезде данышпан, қазір жауыз деп саналған Иосиф Виссарионович Сталин патшалығынан бастап, қазақ халқы ақыры егемендікке қол жеткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев заманына дейін өмір кештім. Сол сегіз патшалықта өмір сүрудің сансызы саясаттарын бастан өткіздік. Адамзат құдайдың ғана құлы емес, құдайдан кейінгі қеудесімен кек тіреген сол патшалардың да сүйкімді сүйкімсіз құлдары болды. Алдымен сөз одан кейін адам ниеттерінің бұзылуының соңында дүниежүзілік екі соғыс болып, сан миллиондаған адамдар қырылды. Ниет бұзылуудың соңында сансызы адамдар аштық жалаңаштыққа ұшырады. Ол замандардың әрқайсысына лайықталған заңдары бойынша, адамдардың басым көпшілігі қорлық көріп, құлдық кешіп өмір сүрді. Бірақ осы кесаптардың, қасіреттердің барлығы адамзатына, патшаларға сабак бола алмады.

Өмірге келген сон адам күн мен түнді көреді. Ақ пен қараны таниды. Жаман мен жақсыны ажыратады. Арамдық пен адалдыққа таңырқайды, ара жігін ажыратады. Озбырлық пен мейірімділікті біледі. Опасыздық пен ақ ниетті түсінеді. Бар мен жоқты ажыратады. Тарлық пен кеңістікті сезінеді. Бөгет пен даңғылды айырады. Қорқыныш пен куанышты түсінеді. Азап пен азаттықты таниды. Мұн мен мұқтаждықтан өтеді. Адал мен арамдықтың дәмін татады. Былайынан айтқанда әр пенде бұл дүниеден көрешегін көреді. Ақыр заман болмаса да өздері өмір сүрген замандар зобалаңының дәмін татады. Адам басы алланың добы болғанын бастан өткізеді. Сонда адам баласына Алланың бұл жіберген түрлі хикметтері адамды бұл дүниеде сынау үшін арналған үлесі іспеттес дүние екен. Әр пенде өзінің жеке басындағы ниеті арқылы көрешегін көреді, біледі, түсінеді,

сезеді, аңғарады, алаңдайды, абыржиды, бұлқынады, ұмсынады, ұмтылады. Қандай күйге түспесін көрешегін осы дүниеде бастан кешеді.

Мәселе түйіні - әр пенде осы бір шешімі жоқ жұмбак, күрмеуі көп Жаратқан Алланың жіберген сынынан қалай өтуінде!!! Ең қарапайым пендеден бастап патша ағзамға дейінгілердің алдында тұрган сынағы осындай!

Бұл өмірде аз ба көп пе, дұрыс па бұрыс па (Оны бір Алланың өзі ғана біледі), бір пендеге шағындалып пішілген жарық дүниені бастан кештік. Осы аралықта оқыған, тоқыған, көрген, білген сөздерді жақсыдан үйренер, жаманнан жиренер деген мақсатты нысанага алып бір ықылым ойларға бет түзеген болдым. Иә, естіген білгендерді өмірдің өзінен алып сөз-шумақтармен тізе бердім, тізе бердім. Ішінен адамдар зәредей болса да ниетін түзетерлік бір нәрсе тапқандары болса алар, таппағандары болса қалар, әркімнің өз қалауы білсін деген ағынан жарылған ақ ниет еді.

Сөз ой қозгайды, ой адам ғұмырындағы жолды жалгайды. Адамзат жолы ұзақ та күрделі жол. Ал адам осы жолда бәрін көрешек, бәрін білешек!!!

Ожан Қали.
1 қаңтар 2007 ж.

ЖЕКЕ ЖОЛДАР

- * Адамдықтың алды махаббат.
- * Сезім кімде көп болса, сол ғалым, сол хакім.
- * Жалған намыс жарға жығады.
- * Үміт пен күдік қатар жүреді.
- * Бір жаманың бір жақсысы болады.
- * Қалыптасқан сананы жоюдың басты жолы діннен айыру.
- * Әбден тұншыққанда жан шыңғырады.
- * Қаумалаған көп жоқтық торына түскендейміз.
- * Қордаланған көп қындық ойымды аштырмайды.
- * Адамның байлығы - мінезі.
- * Ән дегенің мына бұзылған дүниенің өркеш толқындарын түзетіп жүрген дүние ғой.
 - * Бәріне көне білген, қайыспас қазағым-ай!
 - * Қазір біреуге жақсылық істесең де күдіктенушілер табылады.
- * Сұлулығына сымбаты сай - элитарная.
- * Кенезесі кепкен көлді жылап аққан бұлақ толтыра алмайды.
- * Жаратушы тұрғанда жаратылғандардан не тілейсіз.
- * Арамдық азбаса, адалдық тозбайды.
- * Аяғы жаман төрді былгайды, аузы жаман елді былгайды.
- * Арыстанның ойынына, тұлқінің мойны үзілер.
- * Жұздеген алтының болғанша, жүзің жарқын болсын.
- * Жау мұраты - жену. Сауда мұраты - ұту. Қыз мұраты - кету. Жол мұраты - жету.
- * Ұстазы пейілді болса, шәкірті зейінді болады.
- * Атасы тілге мұқият болмаса, баласы тілді түтіп тынады, немересі жұтып тынады.
- * Бәріміз де балалық шақтанбыз.
- * Тарихқа тағзым етсең болашақ басын иеді.
- * Қариясы бар елдің, қазынасы бар.

- * Адам зердесіне патриоттық сезімді орнату үшін әділеттілік қажет, әділеттілік теңдікке жеткізеді.
- * Потенциал - әлеуеті.
- * Ипотекалық несие еңбек ақысы 30 мың теңгеден жоғары болса ғана несие беріледі, бұл қарапайым адамдардың тағдырын белден басу.
- * Қашаннан елкегіш қаймана қазак, еңбекпен есейіп бейнетпен белдескен.
- * Дүние жүзіндегі ең бірінші кітап - Библия.
- * Үміт азбасын, ұрпақ тозбасын.
- * Бардың малын шашып, жоқтың құнын қашырып.
- * Кеше келген тоқалдар, шөміш алып қоқандар.
- * Өмір күннен күнге тәттірек - кәрі көз бүлдірап бара жатқаны мұнау. Айтылмаған сөздер де көп. Тартылмаған күйлер де көп.
- * Көпті көрсөн тез қартаясың, бірақ көп білесің.
- * Ал ештеңені білмесең, түсінбесең ажал табасың.
- * Қарадан хан да болған.
- * Күй ән жүректе ғана өмір сүреді, жастықты аңсай қалайды.
- * Жасында жалыны жоқтың, қартайғанда тәлімі жок.
- * Ойлы адаммен кездессен, дана боласың.
- * Ағашсыз ауыл, ай тақыр.
- * Алып батыр емес, айғайышыл ақын емес.
- * Арам адамның сарқытын ішпе, уы жүғар.
- * Біреуге бекер қас қылма - өкініші кетпес.
- * Бірден ұялтпа, сенімі жоғалады.
- * Байыптамасаң баршылық батпаққа батырады.
- * Кекті болма, текті бол, көңіл сүйер епті бол.
- * Армансыз адам қанатсыз құспен тен.
- * Қазандай тұлқі тымағының астынан шөкімдей беті көрінді.
- * Өмірге нұр, көңілге гүл жайқалтқан күндер-ай!
- * Кезбе бүлттардың ара-арасынан аспан жұлдыздары әр түстен жылтылдаап, толықсып толған ай ұрлана қарайды.

Бір адамға айтқаны:

Ж... әкім болдың ту ұстадың,
Азайды жақынменен туысқаның.

Тағыңдан түскен күні жалғыз қалып,
Үйінде өз ұманды уыстадың.

* Өмірді ғұлденткің келсе, көңілді сыйла.

* Сезімді сыйлаған адамның ісі емес, есепқордың әрекеті іспетті.

* Маңдай терісі отқа күйген қайыстай тырысқан.

* Екі қолдан қауқар қашып, бар қайрат ауызда қалды.

* Жансая ғыпп селбесер.

* Бар салмағын қолындағы таяққа артып, қыратқа шыққан селдір селеудей бытыраңқы шоқша сақалын тұтамдай ұстады.

* Ұстарамен қырылған көк күйқалы кесек басын сыйпады.

* Ауыз өзімдікі деп танты бересің-ау.

* Болымсыз іске бордай егілме.

* Түйенің құлағына қобыз тартқандай зая кетті.

* Ата-ананың ақыл шеңберінен шығып барады.

* Тозған орақтай, жұқарған ай.

* Қатпа тұлғасын қомсынғандай болды.

* Еңсенді түсіре берсөң, ес жия алмай есекіреп кетесің.

* Күпті көнілі көншігендей пәтуәлі сөз естімеген.

* Шамасы келмей діңкелеп тұр.

* Қырлы мұрны мен ұян құлқі ұялаған уыз ернінде.

* Оқтау жұтқандай неменеге серейіп тұрсың.

* Оны қайта қажап ежелесуге батылы жетпей, ернін сылп еткізе түрегелді.

* Быж-тыжы шығып жарылған салпы ернін насыбай мен толтырды да, курсіне отыра кетті.

* Өзегі у жұтқандай өртеніп, үлкен ала көзін қан жауыш кетті.

* Үйелеген жылқыша мықшындал, сылбыр сүйретіле әрен дегенде түрегелді.

- * Ерік берсен, еркекпін деп тесін қағар.
- * Өз куанышымды басқа біреудің қасіретінен іздемеймін.
- * Танылмаған тазалық жұмбақ.
- * Қабілет табу қыын. Жар табу қыын. Дос табу қыын.
- * Үш жылын болжамаған еркектен без. Үш күнін болжамаған әйелден без.
- * Жаттанды мектеп - школа-зубрежка.
- * Табиғи талант ойлы мектеп - школа мышления.
- * Адамша ойлап маманша орындау керек.
- * Абайламай сыр айту, алдыңнан шығар жамандық.
- * Тентек болсаң - бейнет, еңбек етсең - зейнет.
- * Не толқытса соның зарын татарсын.
- * Торғай екеш торғай да балапанын қорғайды. Ағаш екеш ағаш та бірін-бірі жалғайды.
- * Сұқ сөзден, сұық көзден сақтай гөр.
- * Алмағайып заманның күрмеуі көп кезеңдері. Күрмеуі көп күрделі дүниеде.
- * У ішсөн руыңмен іш.
- * Жалмауыздай жалмаңдал.
- * Ал бізді қинама, өз тауқыметіміз де жетіп жатыр.
- * Бөрі күшігі ит болмайды.
- * Сылағы түскен қотыр тамда.
- * Бүркіт қанат қабағы жиырла түсті.
- * Байдың ұлы атқа отырса, бәйбішесі тақымын қысады.
- * Барлық тесіктерінен қайыршылықтың исі анқыған.
- * Кір сіңген сіреу даастарқан, қалайымен шандыған шәйнек.
- * Ол ыққан да, сасқан да жоқ.
- * Ұрыстың аты ұрыс, қызған ауыздан қытыққа тиер сөздер де естіліп қалады.
- * Өзінің ішкі сарайында кейбір қоқыстар жатқанын сезбей жүрген адам.
- * Осы оймен шырмаг, жайған торынан шығармай-ақ қойды.

- * Бұл ойды ұмыта қояйыншы десем де, оған шамам келмейді.
- * Оның бет аузындағы әжімдері жоғалып, қара бүйрек беті майлап қойған торсықтай жылтырайды.
- * Ішімді жарып жіберер ешкім жоқ, ішімде бәрі де сайрап тұр. Өзімді - өзім жеп келемін.
- * Қап өзім де уақытында ойластыра алмай қалатын адаммын. Жаманың ақылы түстен кейін кіреді деп, енді ақылым сабасына түсіп тұрғанын қарашы.
- * Оның қолы маған жансыз бір тері сияқты тиді.
- * Алтынды қорлағанмен жez болмайды,
- * Жібекті жуғанменен бөз болмайды.
- * Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,
- * Жаманың көкейінде көз болмайды.
- * Қонақ таңтерең алтын, түсте күміс, кеште мыс.
- * Арадағы сөздін бірі арық, бірі семіз.
- * Ескі достар өкпелессе, татуластырам деп асықпа.
- * Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болады.
- * Өз қаруымен киіз кесіп, біреудің қаруымен мүйіз кескен адам.
- * Екі әйел алғаның, күлі күндес.
- * Өтірікпен өркендереген, жаламен жарылқанған адамды көргем жоқ.
- * Қап бәрекелді-ай! Бірақ мұнысы құлық екенін көз жанарынан байқап қалдым.
- * Жетпегенді жерден таппасан, желден іздеуге шығасын.
- * Білімі тайыз адам өзегі жоқ, тамырсыз шіріген ағаштай шайқалақтайды.
- * Атанды қазанға, адамды қабірге түсіретін өсек.
- * Жорта қуанысып, көлгірсіген қошаметпен қарсы алды.
- * Қарадай құтырынып, басын жарып, көзін шығарып, қара бәлесімен қаһарлы бәлекетін басыңа төндіріп алып, кейін осындаі бір күрт жарылқайтыны бар.

* Данышпан табиғат әрі қызғанышпен, әрі мырзалығымен өлшеп, мысқалдап беретін талант барын танытты.

* Келіспесе керіс тынбайды.
* Айтушы егеді, тыңдаушы орады.
* Көңілге дық, иыққа жүк.
* Ойынға қатысатын образдың терісін оңай жамылып ала қояды.

* Ақылы алдынан журеді.
* Өзгені қайтейін, енді жасаған жәрдем берсін.
* Жұмсақ сөйлеп қатты соққыға ұшыратқан ұтады.
* Ұымға түсінбеген дымға түсінбейді.
* Ажалдан корықпа, арынан корық.
* Жүрг бірдемені көздемей жүрмейді. Барлығы билік іздейді.
* Отырсам тұра алмаймын - отыр, сен түрегеп тұрсын ғой.
* Темір тордан шыққан соң өз бетімен кетті.
* Сен елдің салтымен есептеспейсің.
* Маған арманнан горі өлім жақын.
* Кірген кезінде шығарынды неге ойламадың.
* Әйтпесең ку томардай аяқтан қағармысың.
* Бір кесек нанмен барлық жүртты тойдыра алмайсын.
* Әркім өз пигылына қарай сыбағасын алады.
* Уақыт өткенмен күнә жыулмайды.
* Күшті адам қорқақ болса ол қасірет, әлсіз адам қорқақ болса ол қатер.
* Таудай болып тұксие қарағаннан қауіптенбе, алдасаң баладай балпаңдай береді.
* Кешегі күнім өтпесе, бүгінгі күнім жетпес еді.
* Мына жартысы айран миынды ойласам, айтқаның «оттауизм».
* Қорқақтың өмірі бойына қарғыс болып қадалады.
* Наурыз көжесі 9 түрлі дәннен жасалады.

* Қазақтың ең жақсы асы не? - дейді. Жамбыл: «көже» дейді.
Сонда қазақта көжеден басқа ас болмағаны ма?

Шырағым-ау, ішке барған соң барлығы да көже болмай ма? - дейді Жамбыл.

* Сыпайының тонын тәңірім пішеді.

* Жүргегінің қалауы емес, басыңмен ойлап істе.

* Кебекбай деген кісі айтыпты. Ақынның құлағы 40 жыл бүрын туады.

* Дарияның жанында құдық қазба.

* Адам кейпіңмен ит болма.

* Көңілі жарлыны ешқандай барлықпен байыта алмайсың.

* Кеңілшекті қошемет қор етеді.

* Кекірегі көнектей, көк тамыры білектей.

* Сұрамай білгенді ақылды де.

* Ұрыны қонақ етсен, қораңа көз салады. Тексізді қонақ етсен қатыныңа көз салады.

* Мылқаудың тілін шешесі біледі.

* Ашулының ақылын алғың келсе, ашуландыр.

* Ақиқат бар жерде, әділет бар.

* Ауыздан шыққан сөз, үшқан торғаймен бірдей.

* Кәләкәйт соғады. Шүлеңке жігіттер. Көзімен алдағы соғып сатып алады. Қандай тыраш халық, есіріктер.

* Өнші - еркін ерке екен. Домбыраны көп күйлеп жалықтырмайды. Шабыты келмесе зорланып айтады. Зорланып айтқан ән бола ма?

* Таяқ мініп тайға жет, тайды мініп тойға жет.

* Дауылда адасқан қайықтайын, жасанды әкімдерден құтылу керек.

* Адамның құны мен өмірі түкке тұrmайды.

* Ажал себуші дүлей күшке айналады.

* Өспейтін елдің баласы өнбейтін іспен айналысады.

* Адамға атақ емес, Алла жар болар.

- * Оттан ыстық не, теңізден терең не, көктен биік не?
- * Оттан ыстық жан. Теңізден терең ғылым-білім. Көктен биік тақаппарлық.
- * Адамды жазғыру оңай, түсіну қыын.
- * Адамның құлқы түзелмей, құқы түзелмейді.
- * Ұлы адамдар ұзақ жасайды.
- * Асыл мен жасықтың ара-жігі алшақ.
- * Өрісті жерден нәр алған өнегелі отау.
- * Табаны тайғанақ бұзақы тау қопарғандай қопаңдайды.
- * Сырты сұлу болғанмен тобанаяқ мәстек, бауырын жазбайтын шабан.
- * Кей сәтте ұшқыр қиял өткен өмір сүрлеуін сүйреп әкеп көз алдыңға еріксіз елестетеді.
- * Көк балауса шөптің хош іісі шарбат сусындай тынысты кеңіте түседі.
- * Мына кек асық мәстекпен жете алсам игі еді.
- * Осы сөзді құлімсіреп айтса да, сойылмен соғып өткендей болды.
- * Орынсыз гипысқа салды.
- * Суырмалы жел ат жалын тарақтай желпіді.
- * Аяқты ат, қолды қамшы етіп жүрдік.
- * Бидайдың жоғары қарағаны дәні жоғы. Жігіттің жоғары қарағаны мәні жоғы.
- * Оның абыржыған ажары мен кейістік атқан түрін тану қыын емес еді.
- * Құмарлық зорлаудан да күштірек.
- * Қонарын сай, көшерін жел білген кезбе өмір басталды.
- * Жан рахаты мен балғын бакыт бар екен гой онда.
- * Қобыздан құйылған күй тасқындай әсер қалдырды.
- * Бәлкім ыстық ықыласқа толы, алғашқы қимас күндерді, бәлкім тұщы етіне аңы таяқ тиіп, жанына жара түскенін ойлаған шығар.

- * Заңға томпак болмасын деп өтініп тұрмын.
- * Бір жантайған соң албастыңдай иектеп тұяқ серпілтер ме ол бәлең. (Үйкы турагы).
- * Қорғасын түстес қошқыл бұлт төбеден төніп аспан аласара түскендей.
- * Тұыстан тұлдыр - жып-жылмағай.
- * Құпті көніл сырын сездірмеді.
- * Оқысын, сен баланың қөнілін бұзып сықсиушы болма.
- * Мұғалім оқушыларға Демократиялық централизмді түсіндірді центр орталығы, дем айналасы. Сонда окушы: мұғалімге: ортасының айналасы ма деп сұрақ қойды.
- * Тік тұрган ағашты түбірімен сатып байыған.
- * Аппақ қардай ақша бетін аударып, тостағандай қара көзін кулімдете бір қараганда...
- * Екі көзі оттай жайнап, куре тамыры білеудей бол, кең тамағы торғай жұтқан жыланадай, домбырасын бәйге атына шапқандай сабалай үрүп, жыр байлығын құштақ-құштақ лақтырды.
- * Екі көзі қанталап, қоянға түскен бүркіттей...
- * Қойдай өргізіп, қозыдай көгендерді.
- * Ауыртпалық осылай күйіне ісінді.
- * Біреуді мақтаса, айып аспаннан шығар.
- * Ағасының айтқанын тұмар тұтатын.
- * Көгілдір мауыты шапан, қызыл ши барқыт қамзол, аяғында қызығылт шоңқайма етік, ақ патсайы шытырман көйлек.
- * Жабуды жаба тоқып жүре беретін бірдене.
- * Асықпай үшатын мамырлап қалған бірқазан секілді арты ауыр.
- * Асылдың сынығы - шұғаның қиқымы.
- * Сыр шашпай қара судай тына қалды.
- * Үлкен тілекті зор арманды жеке басының мұддесіне айырбастай салады.
- * Бойды алған қам көнілді ақылға жендір.

- * Әнші қыздың көмейіне тоқсан бұлбұл қонып алып толықси сайрағандай.
 - * Сазды жердің сары жыланындай.
 - * Тіл үшінде айтылмаған сыр, көңілде шешілмеген жұмбактар кете барды.
 - * Сұрапыл соғарын сезген шағаладай. Үнінде қантарда қатқан мұздақтай мызғымас зіл тұрды.
 - * Ошаған бүршігінің қалай қарай жантауынан терістік пен күнгейді айыратын қазақ жігіттері.
 - * Бас ыдысы кең болғандықтан, сен құсалп төгіп алмайсың.
 - * Үміттен қанат тағынып, жуас дықсыз дауыспен сөйле.
- Буындырған ызадан босайсың да кетесің.
- * Дос ажарынан кейде куаныш табамын.
 - * Адамға картаю айып емес.
 - * Лек-лек ойлардың қалың бұлттарына еніп кетеміз.
 - * Ашу отын әлі өшіріп болмағаны көзінен көрініп тұр.
 - * Әрқайсымызды әр жаққа қызып бара жатқан уақыт аялдатар емес.
 - * Қотыр-қотыр кәрі қораздың мойны сияқты.
- Нарықта қарық болудың ауылы әлі алыс.
- * Шаруа тұбі - кениш, сауда тұбі - борыш.
 - * Жүйрікті бәйгеге қосарда жұқ артпа
 - * Жұқ артарынды бәйгеге қоспа.
 - * Ақылың жетпесе, пілден сұра.
 - * Құйын ішінде жын құтырады.
 - * Найзага май жағып жегенді де көргем.
 - * Көп жаудан бір жансыз жаман.
 - * Сан оқиға сан көріністер қанғыбас күшіктей әр ойдың есігіне бас сұғып тұрлау таппайды.
 - * Омырауымен от ұясын басып, арттарына жарық жүлдіздей етіп, ерлік сіңген есімдерін тастап кетті.
 - * Бойды биіктетіп, ойды терендетеді.

- * Жемқорда тойым да жоқ, қою да жоқ.
- * Шаба бергеннің бәрі таба бермейді.
- * Оқымай өнер болмас - кішпейіл болмай бедел болмас.
- * Аққа қара жоқ, қараға шара жоқ.
- * Адамның табиғаты қоңыраулы сағат сияқты.
- * Өмір мұраты - мақсатынды анықтау.
- * Мейірім мен зұлымдықтың арасын адамдар бөліп тұр.
- * Көп оқып тақуа болғанша, аз оқып адам болу керек.
- * Жауабы жоқ дүние - сұрақ.
- * Дос көзде емес, көңілде болу керек.
- * Достық - өмір сынағының қөпірі.
- * Нағыз дос болу үлкен өнер.
- * Дос - шындықтың шырағы.
- * Ес - ақыл қоймасы.
- * Құргақ қиялдан шынайы шындық артық.
- * Ақында негізінен үш тақырып болады.
- * Уақыт (Время). Отан (Родина). Махаббат (Любовь).
- * Награданы адам береді, бірақ адам қателесуі мүмкін.
- * Өктемдіктен тажал туған.
- * Айту мен тыңдау оп-оңай.
- * Бақыт пен сор адамның өзінен.
- * Бақыт адамның ішкі сезімінде.
- * Бақыт деген салыстырмалы ұғым. Бақыт дегенді қолдан жасап алады.
- * Балаға жақсы орта тауып беру керек.
- * Үріп жатқан итке тас лақтыра берсен, баратын жеріне жете алмайсың.
- * Әйел араласпаған күрес, женіске жетпейді.
- * Қоғамдық өмір от басынан тұрады.
- * Қындықты көрмей бақытты көре алмайды.
- * Мезгілдің ауылы дегені қазақ орысқа сатылған мезгілді мензегені. Тапса біреуін, таппаса екеуін сояды дегені сатқын-

дарға соятын мал жоқ дегені. Ер жастаңар дегені қазақ азаматын жер жастандырдың дегені. Япымай деймін, бұдан 300 жыл бұрын айтылған сөз төркіні қазақ халқына сабак болыш, кейінде қайталаңбас деп, бұрын соңды кім айта алған.

- * Жасымда бейнет бер, қартайғанда дәүлет бер.
- * Жақсы ата - орман, жақсы бала - қорған.
- * Таныған жерде ой сыйлы, танымаған жерде тон сыйлы.
- * Откенді елемей болашақты елестету қын.
- * Жиырма бірінші ғасыр үрпактарына «жаяндану танымы» атты соқыртеке ойынын әкелді.
- * Азамат сыны ерлік, ерлік сыны елдік.
- * Бай боп көргем жоқ, кедей боп өлгем жоқ.
- * Адам қартайған сайын билік құмар болады, түсіп қалса күйігі өлтіреді.
- * Ақылды адам билікке келсе береке, ақылсыз адам билікке келсе сор.
- * Адамға өз қорқынышын ұмыту қын болады.
- * Тарихтың бетін ашып қарасақ, болашаққа да жол көрсетеді.
- * Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас.
- * Сарт санасымен байиды.
- * Әйел тіршілік атаялының анасы. Соңдықтан әйел күллі тіршілікті сақтаған қалушы.
- * Өз балаң - балың, немерең - жаның.
- * Кызды әуелі қуып жет, сосын әмір ет.
- * Өнерпаздың қолы игі, жолы ұлына игі.
- * Шақырылмаған қонақ, сыптырылмаған жерде отырады.
- * Әлсізді колдау, үрпакқа жолдау.
- * Сөз бағындырмайтын белес жоқ.
- * Көрмегенге көсөу тан.
- * Жығыла жабысты. Білімпаз қарияның аузын бақтым. Жамандыққа жағым ашылмайды.
- * Сабын кірді ашады. Сабырызың сырды ашады.

- * Ақыл - жас ұланның, жүйрік - тай құнаннан.
 - * Тамырыңыздағы кан емес, несеп шығар.
 - * Әдемі бір ән еді, пұшық шіркін бұлдірді.
 - * Айғайлаушылар табылады әлі, талай қисықтарды жөн-дегенмін.
- * Ертеден келе жатқан ырым. Алысқа кеткен адамның асын ішсең, аман-есен оралады дейді.
- * Тұқымдарында осындағы қиқар қайсарлық бар деуші еді.
 - * Жазмыштан озмыш жоқ деген, мен жазмышқа сенбеймін.
 - * Заман мың өзгерсе де уақыт мені өзгерте алмайды. Жеребе тастайық.
 - * Азабыңдан бұрын өлгің келсе, көшке ерген иттей салпақтай бер соңымнан.
 - * Ең ауыр да ең жаман нәрсе, жаманшылықты біреуге аудара салу.
 - * - Ата-бабан, үрім-бұтақ зәу-затын, үй ішің күшік-мысығыңа дейін аман ба?
- Шүкіршілік, өзінді көрмегелі өсек-аян дегеннен макұрым қалдым фой.
- * Титтей ғана денесінен будақ-будақ сөздер атқылап шығады.
 - * Екі құлағыңды тығып жүре берсең мылқау болып қаласың.
 - * Өрісті жерден нәр алған өнегелі отау.
 - * Жалған намысқа бой ұрғандай.
 - * Үміт оты қайта тұтанып немересін сүйді.
 - * Табаны тайғанақ болса да түрі тау қопарғандай.
 - * Біреуі қасын қакты, екіншісі ернін жымырды, үшіншісі иығын көтерді. Адъютант: неге сөйлемейсіндер? - деп қыстады Генерал: бұлар әлдеқашан сөйлеп болған.
 - * Күнгірт сөйлемей іріктеп айт деп әнгімे тізгінің қолына алды.
 - * Сіздің көлеңкеніз болып жүре берсек те жетіп жатыр.
 - * Жазғы таң күн шығыстан арай берді,
Көсілте қызы жігітке жанай келді.

Кім өзі түр тұлғасы өзгешелеу
Күдік-ап қыз жігітке қарай берді. (С.С. дастанынан)

- * Жер анамыз апорт алма сияқты,
Орман таулы жасыл орай бұлақты.
Отқа өртеп уландырып ыластап,
Ей, адамдар, бұлдірмейік жұмақты. (плакатқа)
- * Зенгір аспандағы бір-бірімен біте қайнасқан...
Сайын сахара.

Ренессансстық тұлға.
* Адам өмірі күдікке толы, өйткені білмейтін жетпейтін нәрсе
көп.

* Жақсыны жақсы деу мақтау десек, жаманды жаман десең
болмайды өсек.

* Біз әншайін салқын ақылдың жетегіне ере бермейміз.
* Діңкелеген аттар өрге әрен-әрен қөтеріліп келеді.
* Бірақ осы құлығың түбінде өзінді табады, сонда өзінді елеп
қолтығынан демеп қол ұшын берер ешкімді таба алмай зар
жыламасаң болғаны.

* Оның сөздері өзінің жан жүйесі сияқты қан жылайды.
Дүбірлі дуниені оймен шоламын.

* Бала қиял, құпияға құмар.
* Өз елінің еркіндігі мен мөлдірлігін әлемге жарқыратса
көрсетіп тұрған шарайна іспеттес.

* Өз орамымен ғана өмір сүретін ақын емес, ғалам құбылыстарын өзгенін көзімен көре білетін, жүргімен сезіне білетін адам ақын.

* Бір тұтам тұркы болса да бозторғайдай әні бар. Өзі дардай болғанымен қарғаның қандай сәні бар.

* Жылы-жылы сөзіміз арқылы өткір алмас қылыштың алмайтынын аламыз әлі.

* Құзғындардың ұясын шулатып қайтесің, сүйініштің арты
өкініш.

- * Әр нәрсөнің өз жалғасы бар, жалғаспауы мүмкін емес.
- * Бүгін менің туған құнім, ой пәле-ай!
- * Менің қүйім өзімнің шиқылдауық арбам сияқты.
- * Шөп аттары: Жусан мен изен қой шебі бұйырғы, ебелек.
- * Бай бастас, пақыр мұндас.
- * Отар өріске аш шықса, көктен бас көтермей оттан іштері кебеді. Көктемгі өріске шығармас бұрын азықтандыру керек. Тышқаққа ұрынған қой, бір апта бойы оңала алмайды.
- * Шорт білсін не болғанын.
- * Айтқанының нобайы дұрыс, миға қонатын сөз - өз тұсынан сөз қоспады.
- * Іске келгенде ұқыпты да, сөзге келгенде нағыз кер жалқаудың өзі дерсіз.
- * Кейде аяңдай, кейде бұлкектеп, кейде бөкен желіспен жортып келеді.
- * Қарт шопан таңертең атқа қонарда тарағысын өзіне шақтап тартынып алған. Ат жортқанда үзенгіге шіреніп ап қоқаңдан та қояды.
- * Жылқы түрлері жабы, көшім, жабай, ақалтеке.
- * Қөніл шиаратып, баурай тартып әкеткендей.
- * Сирек өскен сояу шилер мен бозғылт бұталар ғана жел екпініне елегізгендей елбек қағады.
- * Мал жайына келгенде біреудің көзі біреудің қенілі сауатты сияқты.
- * Мына жас келіншектің кісі алдында нәпсісін тежей алмай, көзге түсіп қала беретін кінәсіз аңқаулығын ұнатып отыр.
- * Kicіге аша бермейтін ой астындағы сыры еді. Оның жетелеген жағына баспай қойды. Осал жерінен ұстаганын білді. Сонысына ырза боп, тобарсыған бетінің тонын сындыра езу тартты. Өз ойына сөз дарытпай суық сазарып қалған-ды. Зілсіз әзілмен өзін жағалап келе жатқанын білді де...
- * Бөрене сияқты бітей.

- * Құпиялы қуанышқа кеудесі толып кетті.
 - * Қымылсыз құрақ басы сілкіне сыйдырлайды.
 - * Айғырлық қылатын неме еді, ат қылып тарттырып жіберді.
 - * Тірлікте бір жаннан беті қайтпаған тік мінез туралығымен етті.
 - * Бұғағынан үзіліп туган сұлу.
 - * Қараңғы халық қара күшті көбірек сыйлайды.
 - * Азғана тірлікті кірлетпей, тудай етіп төбеге көтеріп өтейік.
 - * Арқасына ер батқан аттай қипақтайсың.
 - * Саудагерлер сүйекке таласқан иттей бірінің қолынан бірі тартып, бір тының үшін өлімін сатып өзеурайді.
 - * Дүние құрып кетсе де, ақ домбырадай анқылдан тұрган әйел алу керек қой.
 - * Ердін бір демі үстем болғаны дұрыс.
 - * Қорлық пен зорлықтың кісі басына келмейтін қыын жолдарын ойлап табатын.
 - * Ел қазағынан әрқашан ілгіш іздең үйренген базар басы.
 - * Бағы жанбаған таланы тастай халық.
 - * Кебенек кигеннен түнілме.
 - * Қоңілінде құттай аласы жок, әділін айттып ағына тоқтайтын.
 - * Жиынды жерде жапырып сөйлемесе де ескілік әңгімеге саққулақ. Ретті жерінде жөн тосып сөйлейді, қысқа қайырып мықтап айтады.
 - * Біреуден бірдене жыратын ыңғайын тез сезгіш.
- Сергелденге түскен жаны соқтықпалы өмірдің соқпағын іздеді. Кішкентай нәрседен көнілің күйген терідей құрыса қаласың.
- * Адам ізі бітетін ақырғы межеге аяғының үшін тиіп тұрса да, дәмелі көзіл әрқашан ілгері күнде ұзак сонар тірлігі жатқандай жайбарақат жүрерін қайтерсін.
 - * Сезінді сонымен түптеші.
 - * Тастан қашалғандай жылтыр қара бетіне ызалана қарады.

* Ол қажыған жанын қайрай түсті. Ыза кек тілін байлан тастағандай.

* Осылай отырып та кісі көңілін әртіннен топшылап біліп отыратын.

* Әлі татпаған тәтті қиялын тентек қарындасы тапташ тастағандай болды.

* Қабағы қалындаш түсіп, бетіне түгін шашып-ап түйіле қалған.

* Кекіргінде қоздап жатқан көңілсіз ойды...

* Басын бауырына алыш, бітеуленіп қалды. Оны тілге келтіру-дін қызын екенін байқады.

* Бетіне мысқыл шауып, мырс ете түсті де, у зәрін тіліне жинап ала қойды.

* Мықтысы әлсізін талап, қырқысып жатқан, қиянаты мен күнәсі мол дүниеде күнәшар болмай тал бойын таза сақтап, жүрген жалғыз бір өзі сияқты.

* Тас тиғен жапалақтай салбырап қалды.

* Беккен балшықтай бетінің бір жері бұлк етпегеннен шошып кетті.

* Ойына алған істі, ағайын туманың ақылына салып, сары уыздай шайқап жатпайтын.

* Тұсай - ат сақтайды, ат - ер сақтайды, ер - ел сақтайды.

* Сөздің қысқасы, ойдың нұсқасы жақсы.

* Ұлт болып ұйығандағана ұлы жетістікке жетеміз.

* Осынша әдептілікті қайдан үйрендіңіз? - Әдепсіздіктен үйрендім.

* Ойы озық ақылы басым басшы ақылды.

* Балаң сұлу болса, қызды сақтан ал.

Балаң батыр болса, қызды қазақтан ал.

* Қойын құрттап, айранын ұрттап дегендей.

* Жеміс ағашынан, текті нағашынан.

* Жан күйзелісі, рухтың сағынышы.

- * Өзімшілдіктің түбі тығырық, жан жүйенізді тазала.
- * Түлен тұрткен шаңырақта, бірлік болмайды.
- * Дүрбелен мына дүниеде жол бастау қын ба, қол бастау қын ба, сөз бастау қын ба?
- * Мүйізден ақыл-кенес сұраған күнің құрысын.
- * Құнды сөз құнарлы ойдан шығады.
- * Ауылды ауқаттандыру - жерді абаттандыру басты сала.
- * Томағасын алу да, құсты салу да қызық.
- * Жеріне қарай аны, еліне қарай заңы.
- * Құдайдан қорықсан да, қорықпасаң да алады.
- * Адамды жадағай мақтай берсе, ол жогалады.
- * Біріксең ұтасың, озасың. Оқшау қалсаң ұтыласың.
- * Жалғанда не терең? Сөз терең. Не сұлу? Сөз сұлу. Не өткір? Сөз өткір.
- * Күлсөң - бүкіл әлем бірге күлгендей болады, ал жыласаң жалғыз жылайсың.
- * Әділетсіздікті талқан етіп, әділдікті аялай білейік.
- * Сан - сапаның кепілі бола алмайды.
- * Сауын берер сүті жоқ, мініс берер күші жоқ, сары қағаз ақша келді.
- * Ерекк қызыққа тоймас, әйел қылышқа тоймас.
- * Құдіктен үміт мол болсын.
- * Намыссыз ел қамыссыз көл.
- * Аштық ас талғамайды, жастық жас талғамайды.
- * Жас алсаң өмір жасара ма, көніл жасара ма?
- * Екі сиыр - айран, екі әйел - ойран.
- * Ашу егестен туады.
- * Таудан ақкан теңізге барып құяды, теңіз одан асып тасып жатпайды.
- * Жел жүйрік пе, ой жүйрік пе? Бірақ көнілден артық жүйрік жоқ шығар.

* Егер адам жауапкер болып жауапкершілікті орында маса, ол адам мылжың.

* Адамның мәңгі жасауы мүмкін емес, ал есімі ұзақ жасауы мұрат.

* Ертеңгі күнге өкінбес үшін, қазіргі жастық шағынды дұрыс бағалай біл.

* Аурудың басы көп жерден, дәрінің басы ораза.

* Білмеген ақымақ емес, білгісі келмеген ақымақ.

* Қой еті таң атқанша, сиыр еті күн батқанша. Жылқы еті төсек салғанша. (Еттің сіңімділігі туралы айтқан сез).

* Барға қанағат қылсанызы, ішкі дүниені шындағы түсесіз.

* Бұл өмір өнер туындысындағы мәңгі емес екенін түсіндім.

* Қасиетті бойға сіңіру үшін біраз қиналу керек.

* Тұнығына сезімнің, жүргегімді бөледім.

* Ескі таным ұлтты сақтайды, жаңа таным ұлтты өсіреді, дамытады.

* Көптеген адамдар жақсы нәрселерді айта алады, бірақ тындағы білетіндер тым аз. Өйткені, бұл үшін ақылдың күші қажет.

* Ақылы көпті дау ала алмайды. Досы көпті жау ала алмайды.

* Мұхиттай көніл, тамшыдай өмір.

* Қолындан келсе, кеудене шырақ жандыр.

* Қоғамсыз руханият жасалмайды.

* Кеше құлышыны ойнактаған биедей едіңіз, бүгін ботасы өлген түйедей болдыңыз.

* Ішті әйелдің көзінше мал бауыздыаға болмайды.

* Сауысқан - тоты болам деп жүрісінен таныпты.

* Солдат (жауынгер) деген балтамен қырынып, тұтінмен жылынып жүре беретін жан.

* Сорлыға сорпа жетпейді.

* Ең күшті адам - менмендігін женген адам.

* Ерлік білекті емес, жүректе.

- * Ақын деген адамдар - жүрөгінің патшалығы.
- * Сапер бір-ақ рет қателеседі, өкінішке орай өз өмірімен қоштасады, саясаткер сан рет қателеседі. Өкінішке орай зарда-бын халық тартады.
- * Бидайдың баратын жері диірмен.
- * Қазақтың бір қызы бүкіл ұлттың намысын қорғаған.
- * Жасы өссе де, санасты өспейтін жан болады.
- * Мынаны ұста - қиял әлеміне баруға көмектеседі.
- * Іштен қисық тұғанды, тезге салсаң да көнбес.
- * Есті адам кейін қалып, есер адам алға кеткен өліаралықта, көп нәрседен айрылып қалдық.
- * Мениң күшім мен қуатым халықтың маған көрсеткен сенімінен құралады.
- * Құртып жойып жіберу оңай. Иіп сындыруды үйреніндер.
- * Сүйе білсең - табиғат сұлулыққа тұнып тұр.
- * Қазіргі пенделер рухани тірліктен алысталап кеткен.
- * Бүгін тақта отырған - ертең қайда жүрері үрейлі жұмбақ.
- * Ескіні ұмытпай жаңаны жалғастыра беру керек.
- * Қатерлі жерде ақылды адамдар өсіп шынығады.
- * Аттыға ерем деп, жаяу шатын айырып алыпты.
- * Жақсы аттардың ішінде жалғыз қотыр ат болады.
- * Әркім өз орнында бір игілік жасау керек.
- * Қиялдың шындыққа жақын болғаны жақсы, қолға алып іс қылсаң іске асады.
- * Асаяға әк демесе, тентекке тәк демесе төбенде ойнайды.
- * Сиыр жібін үзбесе, бұқа бөтенді сүзбейді.
- * Әдеп пен әсемдік әліппесі, ұл үйдің қуаты, қыз үйдің шуағы.
- * Үлкен апат неде? Надандықта.
- * Ең алдымен адамның көруі болады. Сонын тыңдауы болады. Содан кейін сезім оянады.
- * Жалғанда мақсатсыз өмір сүруден асқан жамандық жоқ.
- * Сөзі бөлек - өзі бөлек.

- * Бірін-бірі мақтаса мақсатқа жетеді.
- * Пышағын қайрап жүргендерді көргенде өмір сүргің келмейді.
 - * Жастық не дегізбейді. Аштық не жегізбейді.
 - * Аттың жемін жеп, тайдың ойынын ойнайды.
 - * Басына іс түссе де, басқага пана болған азамат.
 - * Искусство - жан-тәнінді сергітеді.
 - * Шындыққа дәлелдеу арқылы жетуге болады.
 - * Сәби сана дүниеге өзінше өлшем жасайды.
 - * Ұстазы жақсының ұстамы жақсы.
 - * Тіршілікке құштар бол, сол жеткізер муратқа.
 - * Табиғатпен сырласа білу керек.
 - * Жарыс деген жан беріспес жаңалық.
 - * Жақсылық қасиетке ие ететін ертегіні рухани қазына деп бағалауға әбден болады. Ертегі әсерімен жақсы мен жаманының пайымын ерте жастан сезінген сәбидің есейгенде имандылықтан адастырмайтын темір қазығы да сол ертегілер әлемі болмақ.
 - * Ақиқат қоғамда пайдалы болса, тарихшының үнсіз қалуы айып.
 - * Тұс ақиқаттың хабаршысы. Тұсті аялау қажет. Тұсті әрдайым жақсыға жору керек.
 - * Қайратқа жігерінді жем қылма.
 - * Білімді іздей берсең көбейе береді.
 - * Белгісіздіктің алдында шарасыздық тұрады.
 - * Дәстүр финонимі біздің ішімізде жатыр. Тек соны тұртіп оятып жіберу керек.
 - * Откенмен өмір сүре беруге болмайды. Өмір алда жалғаса береді.
 - * Ақылды қатыннан қорықпа, есуас есаланнан қорық.
 - * Соны сенімді, сенімді дейсіз ғой кассасындағы ақшадай.
 - * Ұлттың ұлылығы халықтың санымен өлшенбейді.
 - * Сұлу қызды көргенде үміттен гөрі откенің еске түседі.

- * Терең ойлардың тереңінен алған маржан сөздер.
- * Аңыздың соны ақиқат сөз.
- * Көзі соқырмен дос бол, көкірегі соқырмен дос болма.
- * Кешкен күніңің барлығы өмір емес, есте қалғаны ғана өмір.
- * Мен барымды аямайын, сен жоғымды сұрама.
- * Құйрық бауыр бермесең де, көңілінді жарқыратада біл.
- * Басы елге, аяғы жерге сыймай жатса да басады.
- * Талап пен талпының үштасса талант туады.
- * Сезімнің сыртқа шықпас түсі барма?
- * Қара сөзден қаймақ алатын қызы болса.
- * Адам өз миын өзі басқара алмайды, өйткені ой жүйрік.
- * Ақыл Алланың сыйы.
- * Аруана түйеден, ат жақсысы биеден.
- * Адам басына қонған бақытты білмейді, бақыт үшқанды бір-ақ біледі.
 - * От басына ие бол, от басына кие бол.
 - * Арты шансыз, алды даусыз.
 - * Ер азаматтың жолы - қазынасы.
 - * Ұлы адамдар өз ескерткішінің тұғырын өзі орнатады. Ал мүсінің болашақ соғады.
 - * Жігіттің сөзі өлгені - өзі өлгені. (Виктор Гюго).
 - * Алтын әрдайым сілімтіктерді өзіне тартады.
 - * Кеудедегі шырақты жаға білу керек.
 - * Көрермен көргенін көмбесіне салып кетеді.
 - * Ғылым біліммен жеткізе алмағанды Метаформен беру онайға түседі.
 - * Лауазым баста - өз патшалығымыз бар.
 - * Құлайтын жерімді білсем сабан төсеп қояр едім.
 - * Еттің бәрі қазы емес. Иттің бәрі тазы емес. Әннің бәрі сөз емес.
 - * Куанышпен өмір сұру - төл мерекен.
 - * Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен көресің.

* Өсемдік пен шеберлік үйлескен. Жамандықтың дәні түскен жерден, ізгіліктің гүлі өніп шықпайды.

* Біреулер туысып жақын болады, біреулер қысысып жақын болады.

* Кітапқа кірген шала сөз, санаға аурумен бірдей.

* Тарих сәтімен тәуелсіздік келді.

* Шыбын жаның шынғырған кезде, тамаша дүние туады.

* Руханияттың журегі - мәдениет.

* Егер өмір сүргілерің келсе, ешқашан ешкімге сенбендер.

* Ертегі жадты алғырландырып, сананы байытады, киялды шексіздендіреді, ойды терендетеді, тілді құнарландырып өмірге көзқарасты түрлаулы етеді.

* Халық пікірі қалтқысыз пікір. (Эсхил)

* Өз биғінде қартая біліп, дүниеден аласармай өту де өнер.

* Біреудің қадір-қасиетін тану үшін өзін одан жоғары қою адастырады.

* Халқымыздың бақыты өткен күннің сарқыты.

* Ойға жүйрік, сезімге сергек жастарды тәрбиелеп өсіру керек.

* Негұрлым көп білсен, соғұрлым мықтысын.

* Махаббаттың күшін уақыт тексереді.

* Әдебиет деген ардың ісі.

* Табандылық кез келген қындықты жеңеді.

(Леонардо до Винчи)

* Өсек айту ереккек жараспайды. Естіген қулақта жазық жоқ. Иә, жазық қулақта емес, сыпсындаі сүйрендеген тілде.

* Ерлік, тұрақтылық, ақыл, сенім бар жерде шынайы маҳаббат болады.

* Жалпы өмірдің мәні қасірет пен өлімнің арасында.

* Керуен кері айналғанда ақсақ түйе алдан шығар.

* Алғашқы әзілге емес, соңғы ойға тоқтау жөн.

- * Соры қалың қаймана халықтың көрер батпаны алда.
- * Қатпа болған атандай қол аяғы сидиыпты.
- * Өмір бойы үйқы мен ояу арасындағы мақсатсыз жолға түскен берекесіз жандар.
- * Тыныш жүрген көңілін түбіне дейін шайқап, лайлап кетті.
- * Даусыз адамның аузынан шыққан сөзге сенбегін. Ел арасының шұлғаудай шұбатылып жүретін сүйретпе сөзі біткен бе?
- * Сақалы тер сасыған кәрі шал жайлаған жүртта не қасиет қалды дейсің.
- * Қысқа өмір ит жыртқан қара терідей ырым-жырым болып өтті ғой.
- * Өмірінде өз тірлігі екі әйелге жанасуға ғана жетіпті.
- * Мұның сырдай сөзі мен жылмиған жүзінің аржағында алдап соғатын зымияндық жатпасын.
- * Құлқынын тауып үйреніп қалған қулар.
- * Тірлігі тығырыққа тірелген ауыр кез.
- * Ауыл арасындағы сүйретпе бықсық сөз де сөнді.
- * Осы кіслер неге екі жүзді. Саудагер сияқты сезіміне дейін бұлдан саудаға салып тұрады.
- * Бойкүйез бөксербасарлығынан.
- * Тілінің ебін бетінің ажарын салады.
- * Іші у жалағандай өртеніп жатса да, заты ұстамды, сырт өңі салмақты.
- * Кеше тайрандал жүрген дүние тарлық қылды.
- * Тас тескен тамшыдай кісінің қарақұсына қадалып миын шағып жатыр.
- * Өрт сөндіргендей түтіккен долы түрінен шошыды.
- * Өңменінен өткендей өткір көзіне тұра қарай алмай жүзін тартып алды.
- * Қаталап шөлдеп келген кіслерге ас пен суды аз-аздап бермесе, буынына түсіп аш өзегін қызып кетеді.
- * Каздиган қазық өкшесін қыдық-қыдық басады.

* Көк шулан сақал басқан қара табақтай бетінің терісі босап бір түн ішінде ойсырап жүдеп шандыр-шандыр бола қалған.

* Теніз сұын ішкен аттардың іші кетіп, отын алалмай басын жерге салып мықшия қалды.

* Қайта тілі тәтті кіслер тас бауыр қатал келеді. Қолымен қан шеңгелдеп тұрып та, олар адам адамға бауыр деп даурылады.

* Жаз бойы жан адам мінбеген ісік өкпе семіз аттар ырсылданап қалды.

* Қапқа тыққан өлі еттей қапелімде былқ-былқ ете қалған жансыз денені үстінен аударып тастанады.

* Бүкіл ылғалын бойына тартып алып балбырап жатқан қара құйқа жер, күн шыққан бойда қоңы қызып буланып қоя берді.

* Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас.

* Қыздың жасын сұрама, ұлдың бәсін сұрама. Қыздың жасын даңқы біледі, ұлдың жасын халқы біледі.

* Ұлы бабамыз әл-Фараби айтқан: Дүниедегі ең оңайы ақыл айту. Ең қыныны өзінді-өзің түсіне білу.

* Сөзімнің арасына қыл сыймайды. (Тұрмамбет)

* Науан би Құрымсы биді мысқыл күлкімен қарсы алады. Сонда Құрымсы би: қабыргалы жалпақ қаракүрең биеден алысқа шабар тұлпар туады. Зинақор күлкішіл әйелден мысқышыл екі жұзді ұл туады деуші еді. Шешен қандай кісі еді депті. Науан жеңілгенін мойындал, ат шапан айып төлепті.

* Сайдың шөбін жеген біледі. Қырдың шөбін бөкен біледі . (Корқыт баба)

* Жел еккен дау орады.

* Жұдырық жұмұлы болса, қол ыстық болады.

* Ләzzатты сабылып ізdemеніздер. Егер бақытты болғыларың келсе, кез-келген жағдайдан ләzzат табуга тырысыңыздар.

(Рескин)

* Көп адамдар өзінің бүтінгі қунін бағаламайды. Өйткені олар болашақтан көп сый күтеді. (С.Антонов)

* Адам өзін-өзі бақытсызын деп төмендете берсе, шынымен-ақ бақытсыз болады. (Гельвеций)

* Адам жаны мейлінше толқымалы, ағынды судай тоқтамсыз табан астынан өзгере қалар тайғанақ нәрсе. Ол туралы байламды пікір айтудан асқан қыын нәрсе жоқ.

(Монтель)

* Жер бетіндегі ең қызықты бедер жұмбак жазықтық - адамның беті. (Лихтенберг)

* Бүгін - өткеннің нәтижесі және болашақтың бастамасы. (Белинский)

* Төзім - тамаша қасиет, бірақ ұзак тәзуге өмір қысқа. (М.Әуезов)

* Тәжірибе дегеніңіз махабbat «ойыннында» жастыққа бергісіз мықты көзірдің бірі. (М.Әуезов)

* Байлыққа белшеңнен батқың келсе, онда теңізге емес, өз тереңіңде сұңғі. Асылды содан ғана табасың. Егер одан таппасаң, еш жерден де таппайсың.

(М.Пришвин)

* Еліңіз сіз үшін не істей алады деп сұрамаңыз, одан да өзінізден еліңіз үшін не істей алғындығыңызды сұраңыз.

(Джон Кеннеди)

* Өткенге топырақ шашсан, болашақ саған тас атады. (Р. Гамзатов)

* Мен ой толғап қасірет шегу үшін өмір сүргім келеді, және қайғы-қапамен, толғаныс-тебіреніс арқылы ләzzat табарымды білемін. (А.С. Пушкин)

* Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас,

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз,

Шер толқытса шығады.

(Әйтеке би)

* Тіршілік тұтқасы - ізгілік.

* Өнер білім - өміріміздің сәулемесі.

* Адамзаттың қиял қанаты қашалықты шексіз болса, оған жетер жолдың мاشақаты сонша шексіз.

* Тәуекелсіз табыс қайда!?

* Ақынға үш нәрсе тән болу керек. 1. Еркіндік. 2. Асаулық.

3. Сезім. Осы үшеуі қосылған жерде ойлағандай өлең туын-дайды.

* Дос қадірін айырылмастан біл, қылыш қадірін жүзі майырылмастан біл.

* Сөз бергенге ерме, бөз бергенге ер. Сөз бейнет болар, бөз көйлек болар.

* Әр адам өз алдына бір әлем.

* Арқалағаның арман, құшақтағаның қуаныш болсын.

* Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде.

* Халық қатесіз синши.

* Есепсіз дунние жоқ, бір қайғыны бір қуаныш ұмыттырады.

* Халықтың әлі кетсе, сәні кетеді. Сәні кетсе жаны кетеді.

(С. Торайғыров)

* Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран.

* Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас.

* Еліміздің үйтқымыз әдет-ғұрпымыз. Оны шайқалтпауды ойлайтын кезіміз осы. (F. Мұсірепов)

* Тәртіптің ең тамаша мектебі - от басы. (Смайлс)

* Өзге тілде сайрау қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті.

(Қадыр Мырза әлі)

* Байламы жоқ шешеннен, үн демеген есті артық. (Шал ақын)

* Ақыл сөз атқан оқтай жәй кетпейді. Жаманға оқ өтсе де, сөз етпейді. (F. Мұсірепов)

* Айна жетім - ақ жұздер үнілмесе,
Ине жетім - ақ көйлек тігілмесе,
Кітап жетім - жағалай оқылмаса,
Ту да жетім - биікке тігілмесе. (Мұзафар Әлімбаев)

* Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын. (Ахмет Байтұрсынов)

* Өмір бір көшкен керуен, жақсы өткізсөн серуен. Қылығың қайыр болмаса, не әкетесің өмірден.

* Ар жазасы - бар жазадан ауыр. (M.Әуезов)
* Егемендік алақанға өзі түскен бір бақыт, алақанды қыса түссөн, қусырып аласың, алақанды жазсан, түсіріп аласың. **Абайла, Қазақ!**

* Қара белгі ескерtedі, жаңылтады, қара тұс қорқытады, адастырады.

* Адамдар жер бетіндегі ең жұмбақ құбылыс.
* Адамның ниеті күнінде 360 рет өзгереді деген де сөз бар.
* Сен дегеннен нең бітеді, сіз дегеннен нең кетеді.
* Кеңесті ел адаспас, кеңессіз ел жол таппас.
* Қара қытай қаптаса, сары орыс әкеңдей көрінер.
* Ана сұлулығы жүзіндегі мейірімінен көрінеді.

(M.Әуезов)
* Өзің дүниеге келгенге дейінгінің бәрінен бейхабар болу мәнгі бала болып қалу деген сөз.

* Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен. (M.Әуезов)
* Әдемі қызды көргенде, ақылды қызды аямын.

(Қадыр Мырза әлі)
* Өзінді өзің билеу үлкен ерлік. (Сенека)
* Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемен-герді. (Илияс Жансүгіров)

* Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды.
(Жүсіп Баласағұн)

* Адамгершілік кімде болса, соны ер деп есепте.

(Ахмет Иугинеки)

* Жаксылық пен игілікке алыс жақын жок. (М.Әуезов)

* Нағыз табиғи ғылым болмаса, өтірік пен өсек орын алады.

Шыңың пен әлілет алшақтай береді. (Бируни)

* Үйбүспен адамдың деңгэе де болады, елтірге де болады.

Дүйнешкің адамдың дәлдүгө жақында, алғыруға дейнілген
(Коркыт ата)

* Көптеген адамдар жақсы нәрселер айта алады, бірақ тыңтайтілдер тым аз. Өйткені бул ушін ақылдың күші қажет.

(Рабинлранат Тагор)

* Ақылды болғың келсе орнымен сұрауга, көніл қойыптындауга, байсалды түрдө жауап беруге, және басқа айтар ештеген жок кезде сөйлеуді дөгаруға үйрен.

(Иогани Каспар Лафатор)

* Казактың өзге жүрттап сөзі үзын. (Абай)

* Қанша сауатты болсан да, дінді танымасан, бәрібір қарандысын. (Аристотель)

(Аристотель)

* От басының өнегесі - Отан өнегесі.

(Б. Момышұлы)

* Өнерге өжеттік керек.

(О. Роден)

* Адамның адамшылығы жақсы үстаздан басталады.

(Абай)

* Колыннан келсе кеудене шырак жандыр

(Кожа Ахмет Яссави)

* Өзімшіл кісі кең болмайтын. Кең болтаса, касқындең болады.

maca, Rackýnem oo
(У. Аймапитов)

* Адамини күннің наңдағы баласы, інің пәннада

(Газеты)

* Ақыл бердім адамға. Адам ақыл арқылы мені таниды деген Аллаһтағала

* Жігер жок керле жол түйік

(Бернард Шоу)

* Өнегелі болса, бала көрікті. (Корқыт ата)

* Сөз өлмеген жерде, ес те өлмейді. (Герцен)

* Тойған қарын ойға бөгет бола береді. (Г.Мусірепов)

* Екі кеме құйрығын ұста, жетсе бұйрығын. (Абай)

* Өле берсін құншілдер күйігінде,

Өз ғасырым өзімнің билігімде.

Ақ жаңбырлар тоздырган тау сияқты

Мен өлемін өзімнің биігімде. (Төлеген Айбергенов)

* Адам баласын ұятқа қалтырып қорлайтын жеті нәрседен сақтан. Көп құдайшылдық, ерлі-зайыптылардың арасына қасақана от салтушылық, Заңсыз кісі өлтірушілік, қарызға берген малға өсім алу, жетімдердің малына қол сұғушылық, ұрыс даласын тастап қашу, әйел намысын қорлаушылық.

(Хадистен)

* Өзінде бармен көзге түсіп, артылам деме өзгеден.

(Абай)

* Ана көргеннің, теңдесі жоқ. (Бальзак)

* Жер бетінде ақылдан артық құрметке лайықты ештеңе де жоқ. (Клау Гельвеций)

* Маган мектеп мұғалімі бәрінен қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүргегі. (Ы. Алтынсарин)

* Көргенді көнілге түйіп, естігенді еске алу керек.

* Сұлулық ешуақытта уақытқа бағынбайды, ең маңыздысы және ең ізгісі парасат. (Габриэль Мабли)

* Біліп қана қою аз. Сол білгенінді істе қолдана білуің керек. Ниеттену ғана аз, сол ниетінді іске асыру керек.

(Иоганн Гете)

* Один мудрец сказал: нет идеальных людей, есть идеальные намерения.

* Адамның жан дүниесі дегеніңіз оның ісі. (Ибсен)

* Достарды туыстық байланыстары емес, мұдделер ортақтығы туыстырап. (Демокрит).

* Адамға күнәлі болу жарасымды. Өйткені адам мінді, адам кемелденген жок.

* Ұлт мұддесін қорғау үшін білімді болу керек, бай болу керек, күшті болу керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болу үшін кәсіп керек. Күшті болу үшін бірлік керек.

(А. Байтұрсынов)

* Адамның ақылын оның жауаптарынан гөрі сұрақтарына қарап бағалау оңай.

* Өзі азған - өзгені де азғын көрер.

(Лермонтов)

* Еңбек қылмай ер онбас, бірлік қылмай ел онбас.

* Даналықтың сыбағасы азап.

* Кісінің түсіне емес, ісіне қара.

(Сайф, шығыстың ойшыл ақыны)

* Шын білім әрдайым ақиқат. Анық болатын білім.

(Әл-Фараби)

Біз үшін халықтар достығынан артық идеал болмақ емес.

(М.Әуезов)

* Мен бірінші дінімді жақсы көремін. Екінші Қадишамды жақсы көремін. Үшінші намаз оқып тұрганда көзімнің қырагылығын жақсы көремін.

(Мұхаммед пайғамбар)

* Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады.

(Абай)

* Үйқыдағы адам үйқыдағы адамды оята алмайды.

(Руми)

* Бірезу өзімшіл болма, мінінді тапса кім сынап, аяғына бар жығыл.

(Шәкәрім Құдайбергенов)

* Бізді анамыздай асырап, әлпештеген елді сую қасиетті парыз.

(М. Шолохов)

* Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе оның басқа адамдармен достық қарым-қатынасы. (Авраам Линкольн)

* Галымға азық болар қайнар көз кітап бетінен лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады.

(Қаныш Сәтпаев)

* Диқанның бақшасын көр, жемісін тат. Адал еңбек еткеннің көңілі шат. (Әлішер Навои)

* Дүниеде адам мен адамның танысып, түсініскенін артық байлық жоқ. (Сент-Этьен Экзюпери)

* Біздің бойымызға біткен қасиеттердің ішіндегі ең маңыздысы және ең ірісі парасат. (Г. Магли)

* Тұпкі мақсат және оған жеткізетін үзіліссіз іс-әрекет, міне, көрермендердегі ең басты нәрсе осы.

(К.С.Станиславский)

* Табиғатынан талабы асқар таудай ақынның тұғыры мықтап қаланып еді. Әттең заманынан ерте туып қызғаныштың қызыл итіне талануы өкінішті-ақ. Мағжан Жұмабаев туралы Ожан Қали.

* Азамат - анау қазак, қаным десен, жұмақтың сұын апар жаным десен. Болмаса ібіліс бол да у алып бар, тоқтатам тұншықтырам зарын десен.

(М.Жұмабаев)

* Қажыма ер көңілім бәрі де өтер,
Сан азап бір күнгідей болмай кетер.
Қара тұн басып тұрса артыңызды,
Жарқырап ататын таң әлі-ақ жетер.

(С.Сейфуллин)

* Адам мейірбандығы мен әділеттілігі мәнгі. Оны іздеу де мәнгі. (Н. Думбадзе)

* Кімде-кімнің қолы жетсе

* Еңбегімен төзіммен,

- * Сол ғана тек маған сенсөн,
Жан рахатын сезінген. (В.Гете)
- * Кішкене жан жақсы атқарсын,
Кішкене ісін таңдаған.
Ұлылар да үлкен істе
Еліктейді сонда оған. (В.Гете)
- * Көңілде көрік болмаса не қыламыз,
Қолымыздан келгенін тындырамыз. (Теренций)
- * Жыл санама толып жатыр
Жұз жасаған жалғанда,
Есте қалар істерінді айт
Жайдак жылда мән бар ма?! (Овидий)
- * Жастық әсем алға ғана жүрсе егер,
Күшің қайда жұмсайтынын білсе егер. (Менандр)
- * Сұлулықтың семіп гүлі қалмасын,
Сүйікті ұлын келер күнге жалғасын.
(Шекспир)
- * Ақтаса адам борышын,
Әсем ғой адам сол үшін. (Софокл)
- * Корқақ жазған, өлмей тұрып мың өлер
Батыр - өлім әуселесін бір көрер. (Шекспир)
- * Қатерге қарсы шауып тайқымайтын,
Адамның сөзі мығым ойы да айқын. (Софокл)
- * Жастық шақта үйрене бер сен ылғи,
Естіп біл де, құлағыңа көбін қүй. (Софокл)

* Бақытты сор қақпанын баспай тұрып,
Сорлыға уағыз айтар саспай тұрып. (Эсхил)

* Қадірінді білмесе досың жаман.
Сыйламаса тіл алып қасың жаман.
Жоғында бере, барында көре алмайсың.
Ағайын бәрінен де осың жаман.

Көкшолаққа көп міндім арқа жауыр,
Маған бөтен адам жоқ бәрі бауыр.
Ал расында, дүшпанның найзасынан,
Жақынның инеменен тұрткені ауыр. (Баубек)

* Жолдастық, сүқбаттастық бір үлкен іс. (Абай)

* Бітеу жара білінбей тұрмайды. (Бабыр)

* Жаманың берген асынан, жақсының айтқан сөзі артық.
(Халық мақалынан)

* Сұлу әйелді ит қаппайды. (Халық мақалы)



Өмір заңы тым қатал. Оған нарықтық қатынастар қосқан қынышылықтар да аз емес. Қайсыбіреулердің мын-миллион-дап табыс тауыш мансаптың шырқау биігіне шарықтап шығып, енді біреулердің азды қанағат тұтып, шетқақпай, қағажу қалып жататыны неліктен? Мансап деген тағдырдың жазуы ма, жоқ әлде ол қалтаның қалыңдығына немесе, табиғат берген талантқа байланысты ма? Қазақи ұғымға салып айтсақ, тағдырды шешетін «бармақтай бақ» па, жоқ, таудай талап па?!

Өзінің мүмкіндіктерін толық жарқыратып аша алмаған жандар сәтсіздіктерге ұрынады. Оларға жөн сілтейтін, бағыт беретін жанашырлықтың болмауы да, көбіне көп олардың тұра жолдан ауытқып кетуіне соқтырады. Қылмыстық жолға тұсу, ішкілікке салыну жезөкшелік және тағы басқа осы сияқты қоғамға жат қылыштар мен іс-әрекеттерді жасаушылар аспаннан түскен жоқ, өз арамыздан шығып жатыр.

Өмірден өз орнын табуга ұмтылған жастарымызға тұра жол ұсынатын идеология да әлі қалыптасып болған жоқ. Жастардың ұмтылыс жасауына байланысты оларға дер кезінде көмеккө келетін зандар легі де әрі шикі, әрі солқылдақ, кәзіргі тағы-жабайы нарықтың талап-талғамына сай емес, шет елден көшіріп әкеліп ел тағдырына таңа салған нарықтың тағы зандары жаңа жерде ел минтолитетімен тез араласып кетпей жатыр. Ал нарықтың қатал заңын жеңілдету жағы зандарда қарастырылмаған. Сондықтан көмеккө келу нарыққа алғашқы бет алып бастау кезінде қажетті жәрдем жасап жіберу жағы мүлдем қарастырылмаған. Міне осындай шақта біздің қо-лымызға шетелдік «Бунте» журналында жарияланған табысқа жетудің 25 қағидасы іліккен еді. Неміс сарапшыларының жазғанына қарасақ, адамның өмірде тасы өрге домалап, жолы болып тұрмасы өзгермейтін бір формулаға бағынады екен. Ол

үшін 25 ережені менгеріп алсаң, бір істі дұрыстап бастап кетуге жетіп жатыр. Күрделі дейтін дәненесі жок, тек жадыңа мықтап орнықтырып, күнделікті ісіне қарай тұрақты түрде пайдалана біл.

1. Ерік күшінді еселе, қыншылық үстінде шындаған түс. Біреу келіп «бағымды ашады» деп күтпе, өз бағынды өзің аш. Мен сондай болғым келеді, мен сондай бола аламын мен сондай боламын «да» деп іштей сенімділігіңмен қайтала. Шынайы табысқа оған жан-тәнін сала үмтүлған адам ғана жетеді.

2. Жан-жағыңа қаран, қаран да үйрен. Сол тасы өрге дома-лап жүргендердің іс-әрекеті сенен гөрі басқаша екеніне көз жеткіз. Айналып келгенде барлығы ыждағаттылыққа, табандылыққа, жан аямауға, машыққа өз қателігіңен өзің сабақ ала білуіңе кеп тіреледі. Бойындағы барынды сал да жалқаулық деген масылды жен.

3. Алдыңа қойған мақсатыңа қарай ауытқымай, айнымай, көз жазбай жүріп отыр. Нақты мұратың не екенін айқындарап ал, бұлдыր, бос қиялға берілме. Бұл сенің ерік күшінді шындаиды. Қашан, қандай нәрсеге қол жеткізгің келетінін белгілеп жазып қой. Қол жеткізе алмасаң оның сырын тап, кеткен кемшілігінді түзе. Қайта үмтүл, қайта құлшын. Тек нысаналы мақсатыңдан көз жаза көрме.

4. Ең алдымен өзіңнің жеке басында өмірінде не нәрсеге ебің бар, не нәрсені қалап жақсы жасаисың алдағыны айқындарап ал. Әр адам бес аспап шебер бола ма, көркіне көз тоймайтын сымбат иесі бола ма, коллекционер бола ма, от басында ма, әйтеуір бір бағытта шын мәнінде күшті болады. Мұның бәрін қамтимын деп тырыспа одан түк те шықпайды.

Өзің үшін қайсы онтайлы екенін тағдыр берген таланыңнан таңдап ал. Әр неге алақтаған бәрінен құр қалады.

5. Өзіңнің кәсіби жұмысында айналысатын басым салаларды таңдап ал. Ықпал жүргізе білетін басшыны таңда. Өз

бастығың қай салада мықты болса, сол мәселелермен айналыс. Эрі оның күш-жігеріне шын пейіліңмен қолдау көрсет. Егер ол ойлағанын іске асырып орындал жүрсе, сен де содан қалыспай ұмтыл. Егер олай болмай шықса, өзің ықпалдырақ қимылда да ортақ іс нәтиже үшін оны орнынан ығыстыр.

6. Жоспармен жұмыс істе. Кешкісін ертеңгі тындырар істерінді жүйесіне орай жазып қой. Бұл жазылғандар рет-ретімен орындалатын болсын. Ұзак мерзімді шаруаларды да күні бұрын қамдастырған аbzal. Бұлардың барлығы рет-ретімен заңды жалғасын тауып отыруы керек.

7. Басқаларға ешқашан «жоқ» деген сөзді айтушы болма. «Жоқ» деген сөз аса жағымды сөз емес, сондай-ақ ол көп кикілжіңнің басы да. Бірақ жұрттың бәріне жағына алмайсың, ол екінің бірінің қолынан келе де бермейді.

8. Өзіңе-өзің сын көзben қара. Өзінді-өзің алдама. Өзіңе-өзің ұна. Өзіңнің артықша қасиеттерінді білгенің әрі оны дамыта түскенің дұрыс. Осал жақтарынан бірте-бірте арылуға үйрен. Бастығының назарын өзіңе қарай аударуды ойлан. Ол сенің жақсы жақтарынды білмеуі мүмкін. Осал жақтарынды көптің көзінше анық мойындауға арланба. Өзін-өзі алдаған адамның оңғаны жоқ.

9. Уақытынды қадағала, уақытынды үнемде. Жағдайыңа қарай күннің қай мезгілі сенің өнімді жұмыс істеуіне қолайлы екенін біл. Уақытынды ұсақ-түйекке ысырап етпе. Үйреншікті тірліктерінді бой босаңытқан әрәдік шақтарда тындыруға болады. Уақытынды не нәрсе босқа рәсua ететінін онда. Оңаша отырып ойлануға алаңсыз тынығуга және секске уақыт қалдыр.

10. «Қолға алмақ осы ісімнің шынымен керегі бар ма, жоқ па?» деп өзіңе -өзің сұралқ қой. Неге болса да бірден сеніп қалма. Оны қайта-қайта тексер.

11. Стressstі күйгелектікке ұшырататын жайларды ауыздықтай біл. Оның себебін түсінуге тырыс. Көніл күйіннің нашар-

лауына бой берме. Әр нәрсенің салдарының себептерін сараптаумен айналыс. Көніл күйдің бұзылтуы жұмыстан, әріптестердің қарым-қатынастарынан, бастықтың көзге ілмеуінен туады. Күмән-күдікті жиып тастап, ашық дауға шығудан да тартынба.

12. Жеңе алмайтын болсаң, егер қолыңнан басқа ештеңе келмейтін болса стрессті жағдайда өмір сұруді үйрен. Жұмыстан қол үзбе, күш қуатынды босқа сарп етпе. Шалдыққан сэттерінде шағым айтып жәйдактанба. Осындай ақуалдың өзінен ләzzат табуға тырыс. Екінші тыныс деген тек спортқағана тән ұғым емес.

13. Қимыл керек. Кімде-кім бір нәрсеге қол жеткізгісі келсе, шегедей мығым қалпында болуы шарт. Өзінді үнемі дене тәрбиелік жағынан жақсы күйде ұста. Суға жуз, серуен қур, тәнің шау тартса жанынды шаң басады.

14. Жақсы ойларға бейім бол. Қиналсаң ой қиялдың тек жақсы нәрселерге ғана шоғырландыр. Сары уайым өміріне опа емес. Өзінді-өзің: «Бұдан биікке самғауга тиіспін» деп қайрай туң.

15. Тәуекелшіл бол. Батыл қимылда. Бірақ алдымен гәп неде, оған қай қырынан келген жөн-соны біліп ал. Одан соң қолында қандай күш-мүмкіншілігің барын, оның жеткілікті-жеткіліксіздігін салмақтап көр. Осы іске қатысы бар адамдардың барлығымен ақылдасып байқа. Соның бәрін елеп-екшеп кел де түпкі шешімінді қабылда. Истің нәтижесі қандай болғанын қадағала.

16. Егер сен басқа адамдарға басшылық жасайтын болсан, олармен өз өкілеттілігінді беделінді бөлісуден сескенбе. Бұл қарамағындағылармен қарым-қатынасынды жеңілдетеді. Міндеттерді бөлісеп атқар. Мейлің бастық, мейлің бағынышты бол, өз жауапкершілігінді басқалармен бөліс. Басқалардың күш-қажыры мен интеллектісін (ақыл-ой, қайратын) өз мақсатыңа пайдалан.

17. Өзіңде де өзгеге де талап қойғыш бол. Өзгелерді ынталандырып отыр. Әріптестерінді, достарың мен балаларынды пайдалы істерге жігерлендіре біл. Көңіл-күйін әрдайым көтеріңкі болатын болсын.

18. Көңіліңе жақпайтын істі жасауды кейінге қалтырма. Ұзаққа созылған белгісіздіктен гөрі жаман шешімнің өзі артық. Алда не боларын білмей азаптанғанша жансақ болса да шешім қабылдаған абыз. Жаның жаратқан істі жылдам тындырып таста.

19. Өзгелерді тыңдай біл. Өзгенің пікіріне пейіл бер, қарама қайшы ой ұсыныстарынды жинақтай жүр. Өзің сөйлемес бұрын өзгенің сөзін тыңдал ал. Ешкімнің сөзін бөлме. Әсіресе бастықтың қас қабағын бақ, қандай ақпарды қай кезде қаперіне салу керектігін біліп қой. Бәлкім ол жұма күндері жаман хабар естуді жақтырмайтын шығар.

20. Алды-артынды бағамдал жүр. Қажет кезде айлалы бол. Көреген бол. Алдыңда қандай кедергілер күтіп тұрғанын күні бұрын ойлап ал. Бұл уақытынды, қүшінді үнемдейді. Тәуекелдің де шегін біл. Сонда сені жолынан тайдашура оңайға түспейді.

21. Өз сезіміңе, көңіл көзіңе сен. Өз түйсігіңе сен. Жалаң ақылдың осал соғар жерлері бар. Қиялда ғажайып идеялардың туындауына қиял тұрткі болатын жағдайлар аз кездеспейді.

22. Қарапайым бол. Сыннан қорытынды шығар. Кішіпейіл бол. Өзіңнің қате ісінді мойындауыңа өркөкіректігің мен қорқақтығың ырық бермесе, онда жолыңың болмағаны. Ақылға да, сынға да құлақ ас, діттеген ойыңа тезірек жетесін.

23. Қолдан келмес дейтіндей істерге де ұмытылудан тайсалмада. Әлбетте бұл тек тұпкі мақсатты жүзеге асыруға ғана бағышталсын. Тиісті жерде мактана да біл. Өз қадір-қасиетінді төмендетіп көрсеткеннен гөрі асырыңқырап көрсеткеннің айыбы жок.

24. Өзгелерді мақтаудан қорықпа. Және өзінді жұрт мактайтындағы іс жаса. Жақсы іс тындырып жатқандардан

жылы сөзінді аяма. Ал егер олар сенің арқаңда табысқа жетіп жатса, мұны да дабыралап айтудан тартынба.

25. Кез келген жағдайда саспа. Салқынқандылық пен байышты мінез көрсете біл. Өзінді өзгелерден артық санаудан қорықпа. Қандай қапылысты жағдайда да сабыр сақтай біл. Тасы өрге домалаған менеджердің бойындағы артықша қасиет басқалар күйіп-жанып жатқанда оның салқынқандылық сақтайдындығында.

Міне, барлық ереже осы. Бұл қағидаларды атақты менеджерлер ғана емес, Мартин Лютер Кинг, Махатма Ганди, Вилли Брант және Тереза шешей де басшылықта алған. Осы жиырма бес қағидадағы мінез-құлықтар, қоғамдағы орындарына әрқылы адамдардың белгілі бір дәрежеде табысқа жеткіңдер келсе, осы қағидаларды қеденізге жаратып көріңіз.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ IPI ТҰЛІҒАСЫ

Юсуп Хас Хаджип Баласағұн

Ислам түрік әдебиетінің тұңғыш кемел шығармасы ретінде әлемге танылған «Құтадғу білігтің» авторы Юсуп Хас Хаджип 1017 жылы Түркістан аймағының Баласағұн кентінде дүниеге келген еді. Бірақ, ол кісінің балалық, жігіттік шағы қай жерде өткені, қай жерде, кімдерден білім алғаны жөнінде білеріміз шамалы. Жазғандарын үңіле қарастыргандардың айтуынша, ол текті бір атадан шыққандығы, кезінде кемел білім алғандығы белгілі. Аса діндарлығы, турашылдығы, әрі ілім-білімге деген шексіз сүйіспеншілігімен халықта танылған ұлы ақынды әйгілі Ибн-Синаның шәкірті еді деушілер де болған.

Әйгілі шығармасы «Құтадғу білігті» 1069-1070 жылдар арасында Қашқар қаласында жазып бітіріп, қараханиттердің

битеушісі Хасан бин Сүлейменге тарту етеді. Богра хан деген атақпен елге танылған Хасан бин Сүлеймен Юсуптың кітабын өте жақсы көріп, жоғары бағалайды. Сол дәуірдегі мемлекеттік қызметтердің ең қастерлісі деп есептелген Хас Хаджиб деген лауазымды орынға қояды. Хас Хаджиб бүгінгі мағынасы іс басқарушысы, немесе мемлекеттік хатшы дегенге жақын келеді. Хас Хаджибтік патшаның уәзірі және бас қолбасшысынан кейінгі лауазымды орын болатын. Юсуп содан былай қарай Хас Хаджиб деген атпен аталып, тарихқа сол атпен мәлім болып қалды.

Юсуп өте сенімді, турашыл, діндар, тақуа адам болғандықтан, өзіне жүктелген аса жауапты қызметті барынша адалдықпен орындаپ отырды. Оның атақ даңқын бүгінгі заманға дейін асқақтата жеткізген данқты шығармасы «Құтадғу біліг» құтберекенің, бақытқа жетудің, әрі ел билеудің қыр-сыры мен білім-білігін үйрететін нұсқауышы кітап дегенді мензейді. Шығарма месневи мен ақ өлең түрінде жазылған болып, 6645 бәйітті өз ішіне алған. Шығармада негізінен заң, бақыт, ақыл-ой және нәтиже тіршілік қатарлы төрт түрлі тұлғалы ұғымдары өзара әңгімеге тарту арқылы ой өрбітеді. Оларды өзара жауаптастыру арқылы бақытты өмірге қол жеткізу жолдары көрсетіледі. Ұлы ғұлама сілтеме жасаған үтінисахаттар ислам дінінің негіздеріне үйлесімді. Пайғамбарымыздың сұннеттеріне сүйенген мықты тұғырлы, бай мазмұнды болып келеді.

«Құтадғу біліг» ғылым дүниесіне тек XIX ғасырдың бас кезінде ғана мәлім болды. Бұл шығарманың үш түп нұсқасы да Түркістан мен Каир қаласында сактаулы тұр. Рашид Рахмети Арат деген адам осы үш нұсқаны салыстыра отырып, түрікшеге аударып шықты.

Юсуп Хас Хаджиб кітабының кіріспесінде кітапты жазуға түрткі болған себептерге тоқтала отырып: «кітаптың атын

«Құтадғу біліг» деп атадым. Оқыған адамға жол нұсқаушы, құтбереке әкелуші болғай деп ойладым. Адам әр екі дүниеге де қожа бола алса ғана бақытты болғаны. Менің бұл сөзім дұрыс әрі ақиқат» деген екен.

Кітаптың тағы бір жерінде мынадай насиҳат сөзі жазылған: «Алла тағала кім де кімді бірер арман тілегіне жеткізер болса, ол да өз кезегінде Алланың бергеніне шүкіршілік етуі керек».

«Балта көтерілгенше, ағаш жол табады».

«Егер, Құдайым ай мен күндей ұл мен қызы берер болса, оны тек өз қолынмен тәрбиеле, ешқашан басқа біреудін қолына сеніп тапсырушы болма».

«Әке-шешенді риза, хош ете алсан, алдыңнан жарылқанарсың».

Юсуп Хас Хаджиб 1077 жылды қайтыс болған деген сөз бар. Дәл уақыты анық емес. Мазары қай жерде екені белгісіз.

Юсуп Хас Хаджиб былай деген екен: «Қанагатшыл адам, жарлы болса да, байдан артық. Сабыр түбі сары алтын. Сабырлы жетер мұратқа. Өкшенді қанша көтерсең де, төбен қекке жетпес. Кең болсан, кем болмайсың. Егер әке-шеше баласын кішкентайынан бетімен жіберсе, оның обал-сауабы балада емес, дәл сол әке-шешенің мойынында. Мынау дүниеде тіршілік дегеніңіз, кәдімгі егістік атыз тәрізді, оған бүтін не ексең, ертең соны ғана орасын». «Құтадғу білігінен».



«Құтадғу білігінен» алынған

«Әй, мен деген адам, сен енді менмендікті таста, өлуге даярлан, ол сені, сені деп жатыр».

Міне бұл сөздердің иесі аты Шығысқа ғана емес, бүкіл әлемге мәлім, Баласағұнда туылған түрік Жұсіп Баласағұни (Yusuf Has Nacib). Ол өз заманында мемлекеттің тұтқасын ұстаган үлкен басшы болған. Жұсіп Баласағұнның өмірі жайлы біз әлі де толық біле бермейміз. Жұсіп Баласағұн өзінің «Құтадғу білігі» атты еңбегін 1069 жылы жазуды бастап, 1070 жылы Қашқарда аяқтаған. Еңбек шығыс түрік тілінде (HAKANIYE) жазылған.

Озінің еңбегін жазып бітірген Жұсіп Баласағұни оны қараханидтердің билеушісі Табхач Буғра Қарахан Өбу Әли Хасан ханға ұсынады. Туындыны қатты ұнатқан хан Жұсіпті шақырып алып алғысын айтып, оған Хас Хаджиб (хан сарайының адамы) деген атақ берді.

Жұсіп Баласағұнның осы еңбегінде ел басқарушыларға арналған насиҳаттар арада қаншама уақыт өтсе де, бүгінгі күнге дәл келетіндей.

Сенен бұрын өмір сүрген мырзалардың бәрі о дүниелік болды, бұған ана жатқан мазарлар күэ.

*Мен үлкенмін дегендер өліп тынды, мен ұлымын дегендерді өлім женді.

*Ей билеушім (әміршім), сен зәулім сарай салдырып, әуре болма, сенің үйің қара жердің астында.

* Әрқашан әділетті бол, соған үмтыйл, ешқашан зұлымдыққа барма, Аллаһқа құлдық ет және соған жалбарын.

*Залым адам ұзақ уақыт басшы болып тұра алмайды, залымның зұлымдығына төзудің де шегі бар.

*Нагыз басшы білімді, ақылды, халықпен байланысы жақсы, жомарт, қолы ашық және пейілі кең адам болуы тиіс.

*Нагыз басшы халықты өзінін біліктілігімен басқарады, білікті болмаса оның ақылы ешнәрсеге жарамайды.

*Әрбір істі байыпқа салып, ақылмен ойлап барып шеш, әрбір атқан таңың құтты болсын, өмірің бақытты өтсін.

*Адам мақтанышпен көкке көтеріле алмайды, асқақтай берме, өзінді төмен ұстап жүрсөң ештеңе бүлініп кетпейді.

*Нагыз басшы менменшіл, мақтаншақ және өркөкірек болмауы тиіс. Менменшілдік адамды жақсы жолдан тайдырады.

*Арсыздық, асығыстық, ақымақтық тек әлжуаз адамдарға ғана тән нәрселер, нағыз басшылар осындайлардан аулақ болуы тиіс.

*Кез келген нәрсені занұлықпен және шындық жолымен шеш. Осы жолмен жүрсөң ғана, халықты молшылыққа кенелтуге болады.

*Бір ақылды адам көрдім, аз сөйлеп, алайда, көп сөйлеп койдым ба деп жылдар бойы әуре-сарсанға тұсті.

*Берген уәдесінде тұрмаган мырза ешқашан да үлкен адам бола алмайды.

*Айттар сөзінді ойланып барып айт, асығыстық жасама, сабырлы бол, асығыс айтқан сөзден ертең әуре-сарсанға түсесін.

*Айтқан сөзінде тұрмаган мырзаға ешқандай үміт артпа, өмірің босқа өтіп әуреленерсін.

*Тұмак бар жerde өлім де бар, өлген адамның артында естелік ретінде оның сөзі қалады, айттар сөзінді дұрыстап айт, әйтпесе артында жақсы ештеңе қалдыра алмайсың.

*Басынды бәледен құтқарып қалғың келсе, тіліне абай бол, әйтпесе тілің басыңа бәле тудырады.

*Жамандықтан аулақ бол және турашылдықтан тайма, жамандардың арасында болса, турашыл адамның да күні қараң болады.

*Тек жақсы адамдар ғана өзінің пайдасын көздемей, қын болса да, басқаның ауыр жүгін арқалап солардың пайдасын ойлады.

*Біреуге жақсылық жасаудан қашпа, сыпайы адам жұмсақ мінезді және табиғаты асыл болуы тиіс.

*Дәулет әр уақытта басында тұра бермейді, қолыңдан келгенінше біреуге жақсылық жасауға тырыс, өйткені бүгін сенің басында тұрған дәулет ертең біреуде болады.

*Халқыңа пайдалы бол, мұқтаждарға қолғабысынды тигіз, бауырларына жақындық таныт.

*Адам мәңгілік емес, тек оның аты ғана мәңгілік бола алады, жақсы адамдардың аты сол себептен мәңгілік қалады.

*Адамдар тек сыпайыларды ғана қолдайды, сыпайы болған адам ғана құрметке бөлениді.

*Жөнсіз істерге тек сыпайылық қана кедергі бола алады, сыпайылық әрқашан да жақсылыққа ұластырады.

*Арам нәрсеге қолынды былғама, өзіңе бекем бол, арам нәрсені жеген адам тозакқа түседі.

*Ашкөзді біреуге мемлекеттің тұтқасын берме, өйткені мұндай адам мемлекет құрылышын бұзудан басқа ештеңеге әкелмейді.

*Назыз басшылық жасаудың негізі турашылдықта жатыр, басшылар тұра болса ғана әлем тыныштыққа кенеледі.

*Шарап ішпе, жаман нәрсеге араласпа, одан аулақ болуға тырыс, зинақорлық жасама, күнәға душар болып, қарабет атанба.

*Бұл дүниені емес, керісінше дінінді ардақта; Эй, ақылы телегей теңіздей болған адам, тек дінің ғана жақсылық әкеледі.

*Біреудің аты мырза болғанымен заты дерекі болса, оның халық арасында еш беделі болмайды.

*Өзінің шекесіне әбден тимейінше дене шындық жолына түсे алмайды.

*Рахатқа бөленіп, алдамшы нәрселерге құмар болма, ішкілік ішпе, бұл екеуі теніз іспеттес адам баласына тосқауыл болады да тұрады.

*Жақсылық жасар болсаң тезірек жаса; жазасын беруде және таяқтауда абай бол.

*Қайсыбір нәрсені жасамастан бұрын (қабыргаңмен) кенес, істі кенесіп шешпеген адам ақырында әуреге түседі.

*Мемлекетте көзің қырағы мен құлағың мұқият болсын, рақымынды (қайырымдылығынды) әркімге тигізуге тырыс.

*Өзінді өсекші біреулерден алыс ұста, өсек-аяңға абай бол.

*Әй, мемлекет басшысы, мырзалардың өтірікші атануынан басқа жаман нәрсе жоқ.

*Ел билеушілер ықтиятты болса ғана мемлекетіне пайда әкеледі, осы әкелінген пайда арқылы мемлекеті көркейіп, елде бақыт орнайды.

*Адам сирек емес, керісінше адамгершілік сирек, адам аз емес, керісінше турашылдық аз.

*Ел басқарған мырзалар жаман болмаса, ондай мемлекетте жамандардың жузі жарқын бола алмайды.

*Әй, билеушім, сараң болма, жомарт бол, жомарт болған-ның аты ешқашан өлмейді, мәңгі жасайды.

*Сенен сұрайтыным және саған айтар өтінішім мынау: Егер біреу мені өсектер болса, онда бұл жайында ең алдымен менен сұра.

*Қызыққа беріліп немесе ашу-ызыданың үстінде тұрып іс жасама, екі жағдайда да ісінді нық сынап, сабыр сақта.

АДАМ ТУРАЛЫ

* Неге екенін білмеймін осы бақыттымды өзіме-өзім көп көрем. Айырылып қалатындағы қорқам.

* Қырық түтіні бар, аңыз бірлігі мықты болған ауыл. Ұлы Отан соғысында осы қырық түтіннен қырық жігіт аттанды соның жартысынан астамы оралған жоқ сонда бір қария кейуананың ой толғауы:

Қырқыма қын бел екен
Соғыс деген тажал өрт.
Құлымым қайда жүр екен
Міне төрт жыл сәлем жоқ
Сағындырмай келсе екен,
Есігімнен енсе екен.
Ақ сүтімді емген бала еді
Тілегімді берсе екен -

Қара көз өзені қоңыраудай сылдырлайды. Қария ана әңгімесі сол сылдырмен үндесіп жатқандай.

* Бір шығарманы оқығанда:
Өзің оқып қарасаң - күйкі жәйді,
Құрап-сұрап әр нені мыңқылдайды.
Дәмсіз, тұzsыз кенеуі кетіп қалған,
Борық қоға сияқты былқылдайды.

* Бақыт адамға бірде ауып қонады, бірде тауып қонады.

* Өнер жарықтық тойдырады да, тоңдырады да, қызығы да, шыжығы да мол ғой.

* Эпистолярлық жанр кіші мұсін.

* Шынында да, біздің сәулетшілеріміз бен жобалаушылармыз қазақ халқының тарихын білмейді. Оның өткенінен бей хабар. Халықтың тарихы оның ғасырлар бойғы жасалған ұлттық ерекшеліктері қалалармыз бен көшелерімізде сән беріп тұрса ғой! Батырлармыз бен даналармыз, мрамор, гранит,

мысттан жасалған тұлғаларға айналып көрнекті жерден орын алса. Олар үшін ештеңені аяуга болмайды. Рухани мәселе көп жағдайда материалдық байлықтан гөрі, әсіресе ұрпақ үшін зор роль атқарады.

* Абай өлеңіндегі сұлулық махабbat сезімі жаңа буындардың сезімін оятып, жүрек сырын тербетер. Ақын қиялымен ұлтының болашақ болмысын одан әрі сомдар.

* Үміт үзбек қайратсыздық.

* Дүниеде ешнәрсе де баян жоқ екені рас. Жамандық та қайдан баяндап қалар дейсің.

Қайран өмір бір қалыпты тұрмайды,

Қызығыңды кейде қайғы ұрлайды.

Кей кездерде үміт оты жарқылдал,

Арман шіркін алыстан қол былгайды.

* Өйел ердің тұзде ат ойнатар, үйде құрт қайнатар серігі.

* Тіршілік пен кіслік ұлылықтың белгісі, дегендей адамның шынайы байлығы затта емес, ақыл парасатта, рухани қазынада екенін мойындау.

* Біреуге жақсылық істесең оның қайтарымын қайтып алуға тырыспау керек. Жалпы жақсылықты сол адамның көрген киыншылығына, басына түскен ауыртпалығына ортақтасуға пейіл бола білу ғана төрениң төресіне жарасатын іс. Қалай болғанда да дүние қолдың кірі жусаң кетіп қалады. Ал азаматтық парыз сенің өмір бойғы серігің . - Мұңсыз өмір болуы мүмкін емес. Ол өміріміздің жартысы.

* Елдің жақсылығы қыздың жақсылығынан көрінеді. Қыз баланың намысына түскен дақ, сол халықтың ұлттық намысының әлсіреуіне әкеліп тірейді.

* Шындықты отқа жагу - әлсіздіктің белгісі.

* Бала - батыл мен ақылды - қос қасиетті бірге менгерген абзал.

* Достық - адамның алтын өзегі.

* Шындықты айтып отыру керек. Өйткені айналадағының бәрі жалған. Шындық жоқ жерде бақыт жоқ дейді. Өйткені, бұл жолда қақтығыстар көп.

* Ашулансам - ызалана алмаймын.

Күлсем - қуана алмаймын.

* Өтірік бар өсекпенен бір тұған.

Жұбын жазбай бірге жатып бір тұрган.

* Қадыр қасиетті сақтай білу де асыл қазына.

* Әр адам өзінше ерекше құбылыс.

Ақ жүрек болып жолдасын,

Адалдық сені қолдасын.

Жақсылық үшін тірессен

Әділдік қайда, сондасын.

* - Білім өмірде таяныш, жолдас, дос, жалғыздықта жолдас, өмірде бастаушы, қайғыда медет, күресте құрал, зұлымдыққа - айла табушы деген екен хадисте. Ал өмірде білім сені асырайды. Білімділік досыңды қөбейтеді. Білім қусаң қөбейе түседі. Білімін жан дүниенде байытады. Білімді адам орнымен сөйлейді.

- Біреу буындырығандай өзімен-өзі қызарды. Өзі дегенде өңешінді суырып алуға дайын.

* Данышпандықтың да жетіп барып тоқтатын жері бар, ал ноқайлықтың шегі жоқ.

* Алыстағы шамшырағың қолындағы кітабын.

* Ата-ана қадірін ата-ана көзімен қарағанда білерсіз.

* Анаң ақ бесігің айдындағы.

* Ана жүзі айдың жарығы.

* Көше кезгеннің үйде шаруасы жоқ.

* Жақсы кісі жүзінен танылады.

* Ұрыны көзінен таны.

* Таудың тау екенін жанынан көрсөн білерсің.

* Елге атылған оқ, саған атылған оқ.

- * Ерлік жерде жасалады. Жерде жасалған ерлікті көкке көтерудің қажеті жоқ.
- * Досына бұлт төнсө қасынан табылады,
Өзі өлсө басынан табылады.
- * Кершің аш болса, тойып отырмын деме
Көршің тойып отырса, толып отырмын деме.
- * Әкеден ұл туса, бір мысқал кем туады.
- * Ашу шақырған оң қолымды сол қолым ұстай береді.
- * Шыбындармен соғысу үшін мылтық асынып қылыш ұстаудың қажеті жоқ.
 - * Жайсыз ұсақ қылықтарды құлкімен де өлтіруге болады.
 - * Қулкісі қуанышы сұйық елде өділдік, ерлік деп аталатын жақсы дәстүр де тамыр бойлай бермейді.
 - * Сенімді досың болса, ол да бақыт.
 - * Мен өнерден олжа алу үшін тырбанушыларды білемін. Ал өнерге олжа беру үшін барлық тапқан таянғанын тіршілігін жұмсаушылар жасасын!
 - * Дүниеде адамды сөгу, қорлаудан артық қылмыс болуы мүмкін емес.
 - * Кілең шатақ іздел кінәсіз біреулерді сөгуге, қорлауга құмартып тұратындар қайдан шығады еken осы?
 - * Ажарың тәүір екен, көнілің күйлі болу керек.
 - * Аиңы әзілге тұздылау жауап берген жөн.
 - * Білгені көргені аз, ойға жүрдай, көзі қорқақ сөзі жалтақтардан сақтан.
 - * Үш адамды жақсылыққа бастағанды ғальм біл. Оның ісін жүртқа жайып қолдағанды тәлім қыл.
 - * Айылың мықты болса, атың тулас қайда барады.
 - * Алдыңа келген дау арзан.
Ауылыңа келген пұл арзан.
 - * Ток сауда - сатсам сатармын, сатпасам өзімде қалар деген мағынада.

- * Көрікбай ешкі ұрлап әкеп көрікпен ешкінің мүйізін қайқайтады да, ез малына қоса береді екен.
- * Оң қолынан басқа ортағы жок. Қолынан, бетінен ешкім қақпайды деген мағынада.
- * Көзден кетсе көңілден де кетер, ұмыт.
- * Сілтідей тунып отыратын адамнан сақтан.
- * Кей күні кекірік атып, кей күні тәнірге жазып дегендей, күй кешетіндер толып жатыр.
- * Құлаққа тиген сұық сөз, құрсаққа барып мұз болар.
- * Енбегің қандай бұлдырлау болса көжөн де сондай сылдырлау екен.
- * Үш нәрседен сақ бол: бірі соқыр, екіншісі таз, үшіншісі ақсақ. Бұл үшеуінің де тілі қыршаңқы келеді.
- * Махаббат деген күн сәулесінен құрылған алтын төр сияқты емес пе?
- * Зеректік, ойшылдық, сезімталдық ана сүтімен бірге келетін қасиеттер. Мұны адам сатып ала алмайды. Егер жүргегінде осы бір қасиеттердің үшқыны болса ғана, өмір коршаған қоғам оны не ұлгайта түседі, не өшіреді.
- * Ел қамын ойлар жігіт, ойпат үстінде ерте пайда болып, ерте солатын сарғалдақ гүл тәрізді.
- * Көбікті малданып көпірши таситын жан болады.
- * Бет сүйегі ырсиған мөлиген көзді, еңкіштеу келген 40-тар шамасындағы адам еді. Қалқайған құлағы, бұлдыр көзі мен астыңғы езуіндегі болат тістері оны ашқарақ үкіге айнымастай ұқсатып тұрды.
- * Соңғы тілегін орындарда ғана адам осындаі бәске бас тігеді.
- * Сұлулыққа тәнірім сабырлықты қосқан ғой.
- * Творчестволық қуаныш - мәнгілік.
- * Ғұмырлық серік бар. Сүйгенің айнып кетеді, досын сатып кетеді. Балаң үйленген соң саған қарауға да мұршасы келмейді.

Байлық қолдың кірі сияқты. Дүниеде айнымас жансерік - творчестволық шабытты еңбек.

- * Лайсаң көнілдін сыртқа тепкен топастығы да.
- * Адам жанын күйттеген сайын аза түседі.
- * Мысалы, жер бетінде от қандай сөнбес болса, су қандай тартылmas болса, ауа қандай таусылmas болса, халық қандай қажымас болса, дәл осында өшпес адам ғой деймін өзімнің ақылымша.
- * Әулиеге барсан, хақ дейді. Бақсыға барсан, бақ дейді. Бір қара қой тап дейді.
- * Кuanғanym қандай шексіз болса, өкініш, өксігенім одан да көп, өлім алдында тұргандай құлағым тұнып кетті.
- * Ескі мен жаңаны бірдей көріп өзінің табиғи ақылымен өмірді дұрыс түсінген қайратты қазақ әйелдерінің бірі еді.
- * Алыста жүрген жанның жүрек сырының осал келетіні белгілі.
- * Ол ауыр ой арқалап жүрген адам.
- * Бір жұз грамм қағысқаннан кейін ол тілі босағандай сөйлеп кетті.
- * Орынсыз қосаяқтай бергеннен тапқаның кәне?
- * Женіл желпі баланы лақтырып ұратын диванның серіппесі бүл жолғы салмақты ауырсынғандай сықыр етті де тұншықты.
- * Большымсыз іс үшін қарадай күйіп пісіп, отқа қызған табаға тірі түскен балықтай шоршитын күйгелек міnez.
- * Төзбесен тіреп тұрган аспаныңды төбемнен тастап жібер.
- * Қалың өрнін большымсыз ғана жыбырлатып сүлелеу амандасты.
- * Дүниенің бар салмағын бір өзі ғана көтеріп тұргандай ентіге танаулап барып зорға тоқтады.
- * Суырдың айғырындай шіңкілдеп айғай салды.
- * Сауысқан ұясындағы саусақ үстіне қонақтаған кеседегі ыстық шайға аузын күйдіре сораптай ұрттады.

- * Ертерек кезде бұл екеуінің әңгімесі сұыртпақтай сетінеп әсте таусылмайтын.
- * Жоғалшы әрі, таңдайыңдан тозагыңды шығармай.
- * Көрі сүйегін сүйреп әлі келеді.
- * Құллі дүниен күлдей ұшыра, жаһанды жайпап өтердей...
- * Қарнымның ашқанына қайғырмаймын, қадірімнің қашқа-нына қайғырамын.
- * Достық деген түсінісудің, көңіл-ойдың ашықтығынан және сенімнің үндесуінен туады.
- * Жас баланың еркелігін тыйым дегенше, ұлылығын тыйым дей бер.
- * Тектілік ата-бабаларымыздың баталарында айтылған. Оны естір құлақ, көрер көкірек, орындар, жалғастырап іс керек.
- * Тәрбие - тектіліктің тал бесігі.
- * Жеміс ағашынан, текті нағашыдан.
- * Тектілік негізі - генінде.
- * Жанымызды қинаған аурудан өмделуге болады, егер өзімшілдік бөгемесе.
- * Ұлттық тәрбиені көрмеген бала, ұлтсыздыққа ұшырайды. Ішкі дүниесін тани білген текті. Осының бәрін қанагат пен имандылық ұстап тұрады.
- * Халықтан асқан қазына жоқ.
- * Білімге өмірінді байла.
- * Балаға бакырып үйретпе, ақырын үйрет.
- * Ақылды ауыр көрген, ақымақты бауыр көреді.
- * Сыр айта қоймайтын сыпайылықтың аржагында қанша- ма дүние жатыр.
- * Жыл санап жас кеспей-ак қояйық, мүжілсе таудан да із қалмас.
- * Шырақтардың жанып тұруы үшін тұғыр керек. Ал жарық жүлдyz онсыз да жарқырап жанып тұрады.
- * Асқақтаған амалшыдан, аяңдаған адалдық озар.

* Адам баласының мәңгілік жол серіктеп трагедия, мұн, зар, қасірет.

* Адамдардың бір-бірімен жауласуы тамырланып кеткен.

* Сен болмасан, мен бабы жоқ қыльыш, үзенгісі жоқ ер сияқтымын.

* Тағдыр жолын көктәнірдің өзі таңдаған екен, енді қасарысып қарсы тұрудың керегі не?

* Қар басқан қыраттар көз қарықтырады.

* Ат танауынан шыққан ыстық бу, ат жалына жетіп, құміс қырау болып қонып жатыр.

* Пырағына қамшы басып, айнадай жарқыраған адырлы алқапқа ағызып бара жатты. Сәйгүліктің екпінді шабысы еркіндік сезімін туғызады. Өз тағдырынан, міне, нақ осылайша қашып құтылсаң ғой, шіркін. Жануар женіл жортаққа салынып, артынша-ақ бауырын жазып тартып берді.

* Намыс наркескендей жарқ ете қалады.

* Көкірегінен өжет семсер жыр жауған адам.

* Сарқылмайтын бұла күш жарқылын.

* Көнілің жүлдyz шашқан түнгі аспандай, сен барда жанарымнан мұң қашқандай. Күннің кезін сағынған күнбағыстаймын. Намысым тебініп бойымды билеп алды.

* Жақсылықты болашақтан үміттеніп күту керек. Оны біз ниет дейміз. Ал жақсылықтың жемісін бүтін жеуіміз керек оны біз өмір дейміз.

* Шыққан биігің биік болғанымен, шыққаннан соң биік болудан қалатыны сияқты адамның болашақтан үміт күтуі дұрыс. Бірақ сәуегейліктің қажеті шамалы. Өмірге 150-200 ж. кейін келіп санасы толысқан ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі жайсандар үшін жауап бермей-ақ қояйық. Жаупты сол ұрпақтардың өздеріне қалдырайық!

* Батыр Бауыржан Момышұлы туралы

* Ол кісіні түсіну керек. Тағдыр оны маңдайынан сипамаган. Ол кісі тіпті де дангой емес. Жалпы оны кінәлаудың өзі қате. Оның жағдайын талқылауга біздің қандай қақымыз бар? Оны кінәлауга біз жеткен жоқпыш. Оның соры тым турашылдықта, мәмілеге келмейтіндігінде. Баукең ешқашан өтірік айта алмайды.

* Мен Бауыржан Момышұлы туралы «Күнтебеде Күләнда», немесе “Батыр Бауыржанның бір сәті” атты мың жолдық дастан жаздым. Бұл жұмыс 2000-2002 жылдардың арасында аяқталды. (Ожан Қали).

* Жасыңа жас қосылып, өмірлік тәжірибең толысқан сайын, ой кемелдігіне қарай ойыса бастайды екенсің.

* Нарық заманының парықсыз балалары әбден тойынып алған соң ғана елдікті ойлайтын шыгар.

* Бойында дән жоқ, ойында сән жоқ соны қайтесің, дейтін Амандық әкем кей-кезде ұнатпаған адамын. Әкем сыншыл еді. Бірде бір жолдасты әкеп әкеме таныстырдым. Онымен сөйле-сіп, үйіне аттандырып салғаннан кейін әкеме қалай дедім. Аттығы жарайды ғой, бірақ заттығында күмәнім бар деп жауап берді.

* Тамағыңды жұтқайсың шайнап алып, сөздерінді айтқайсың ойлап алып.

* Қанша ақылы дария ғұлама бола берсін, адам зердесі жететін өре өлшеулі ғана.

* Тапшы дүниені қызылқарын балаларының аузына қылдай қылып бөліп беріп жатыр.



ДІН ТУРАЛЫ

* Ей, адам баласы білгін: Саламаттық бірлікте, ықылас тақуада, құдайшылдық таубада, құлышылдық ілімде, байлық қанағатта.

* Жеті қазынаға сұлу әйел, ер жігіт, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы жатады. (Әнет баба сөзі).

* Әйел жеті қазынаның біріншісі. Дүниедегі барлық жан атаулының анасы - әйел. Сондықтан оған тіл тигізуге де болмайды.

* Ей, адам баласы, егер сенің сыртқы көрінісің жақсы болып, ішкі дүниенә жаман болса, сен пәлекетке лайықтылардың лайықтысысын. (Хадистен).

* Күдікті иман қашырады.

* Жастардың жақсылары - өзін жасы үлкендер сияқты салмақты ұстайтындар (Хадистен).

* Аллаға сыйынып, Аллаға сүйен, жарылқайтын да жан дүниенде тазалайтын да ол сенің иең.

* Говорят нельзя верить хромым собакам и женским слезам.

* Жаратушының қолтаңбасы жаратқандарынан айқын көрінер.

* Сабырлық пен денсаулық. Алланың берген қос сыйы.

* Сендерге дейінгі өркениетті даму сатылары лауазымды адамдардан шыққан қылмыскерлерді жазаламай әлсіздермен шаңасыздарды ғана жауапқа тартқандықтан жайылып кетті. (Хадистерден). (Мұхаммед ғ.с.)

* Жалған қарапайымдылық, даңққұмарлық сияқты мерез.

* Аш адамға балық берме, балық ұстaugа үйрет. (Жапон мақалы).

* Алла алдындағы мақтанарлық күрес түрі бас кесер басшылар мен қысым жасаушыларға қарата айтылған ақиқат. (Хадистен).

- * Алла алдындағы мактаулы сөз ақиқат сөз.
 - * Алла алдындағы ұнамды іс аз-аздан болса да үдайы жүзеге аскан іс.
 - * Алла алдындағы парыз өтеуден кейінгі ұнамды іс дін жолындағы адамның жанына қуаныш құю.
 - * Халықты дүрліктіруге тиым салған адамды алла тагала, пайғамбар жарылқай берсін. (Хадистен)
 - * Жаратушының заңдылығымен өмір сүру керек. Ислам діні тәнірлік дін арқылы келді.
 - * Егер ерлі-зайыптылар бір-біріне аскан сүйіспеншілікпен қараса, Алла тагала да оларға ерекше мейірім төгеді .
(Хадистен)
 - * Жаратылыстың ең үлкен жұмбагы - адам. Адам жанының жұмбагы имани гүл, имани нұр.
 - * Ана тіліне немқұрайды қарау, өз халқының өткеніне, бүгінгісіне, болашағына немқұрайды қарау деген сөз.
(Паустовский)
 - * Тілім менің - тілегім, болашағым!
- Тілден безгендер әдетте жауын көбейтеді. Үндемегендер, үйдей бәледен құтылып, ұзақ жасайды десіп жүр ғой.
- * Тілдің өзі адамды тәрбиелейді. Бала өз тілінде тәрбиеленсе, өз халқына қызмет ете алады.
- ### **ФӘЛСӘФА**
- Достық, білім, ғылым, дін, табиғат, тіл, саясат, махабbat туралы.**
- * Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек.
 - * Құнды сөз құнарлы ойдан шығады.
 - * Әлем мәңгілік, біртұтас әрі үйлесім тапқан.
 - * Рухани мәселе көп жағдайда материалдық байлықтан ғөрі зор роль атқарады.

* Қоғами тарихи даму барысында табиғаттан саналы адамның бөлінуі мен болмыстағы құбылыстарды тануда адам ізденімпаздығы аса қажетті құбылыс.

Сауған сүттің іісіндей дымқыл жердің жылы лебін айдал, қазақтың дарқан даласына атой салып, кектем желі ескенде, тау қойнауындағы ақ қар мен көк мұз бусана еріп, сай сала суға толды.

Баяу ескен жел кішкентай жапырақтарына жан енгізгендей желп еткізе алғаш рет қозғап кетті.

Күзгі тымық ауаны атылған оқтай тіліп жақпар тасқа шақшақ тигендей болды.

Адыр үстіне ойнаған күн сәулесі күзгі шилердің сида басына жалын ойнattты.

* Гүлді тікен, саяны батпак, асылды арам ететін қоғам.

* Саясат сайқал әйел сияқты.

* Қараңғы халықтың көз ашу руханиятына Совет өкіметі асқан сақтықпен қараған. Қараңғы халықтың түсінігіне орай болмашы нәрсені жаңалық деп ұсынып, оларды өркениетті мемлекеттердің өркендеуінен бөлек құпияда ұстауға тырысқан.

* Жетпіс жыл ішінде қазақ аз өзгеріске ұшараған жоқ. Ал енді өркениетті деп марапаттап жүрген Европамыз қыыр шығысқа қарай араласа бастады. Қазіргі интеграциялық даму қарқынына қарағанда енді 150-200 жылда Евразия мидай болып араласып кетеді.

* Көп тарихқа күэ көне өлкеде, алыс аңызға айналған, кешкі ымырттай көлеңке тартқан беймаза заман туды.

* Жол жорасын, ел билеу үрдістерін, сатылап күйретіп, өлкені өзінше билеудің өзгеше тәртібі енді.

* Шыңдарға тіреліп қамалған бүйра көшкін бұлт сияқты еді. Ақтарылған жұртта ақыл табар шықпады. Откенде аңсау, ертенді тосырқау, я болатын, я бордай тозатын кезең сияқты еді.

Төрінде талтаңдаған шала сауатты ұр да жық тұрды. Сол елдік сапада рухани ояну, тұлеу өзінің айтушысын күтіп тұрды. Жайлап алған қанатсыздықта көлгірлікті тереңнен тани алмаған үкі көздер рухани тозған жалаптар тұрды. Намысын қоздыраш, жігерін қайрап адам жоқ. Тасбауыр өзімшілдіктің езуінде құлкі ойнап, сағын сыңдырмай, намысын тұртіп, шамына тиіп арландыратындар бас көтерді.

Омір шіркіннің қашанды жылпылы көп бұлаңы мен бұлтана құрық бойламайтын кез аз болды ма?!

Тарихы, әдебиеті жоқ халықтар басқаларға тез сінісіп, жұтылып кетеді, жоқ болады. Қай жүрттың болса да жаны - әдебиет. Жансыз тән жасалмақ емес. Қайдан өрбігенін, қайда өскенін, ата-бабасын кім болғанын не істегенін білмеген жүртқа бұл талас тартыстары көп тар заманда орын жоқ.

Бостандық жоқ жерде азаматтық сана да, сапа да дами алмайды. Біздің де санамыздан әлі күнге дейін отарлау сол сатының салқыны кетпей жатқан сияқты. Болашақ ұрпағымыздың ойы да, сезімі де азат күндер келеді әлі. Бостандықтың қадір-қасиетіне бір жетсе солар жетеді.

* Табан аттасаң мандашың саясатқа тіреледі.

Саясаттың самал желі, ақ көрпенің астында соқса, жол болғаны.

* Махаббатқа әмір жүрмейді.

* Дінде зорлық жоқ, араққа зорлық жоқ, махаббатқа зорлық жоқ

* Біз бір-біріміз үшін жаралған жандармыз, сондықтан да біздер бір-бірімізді сағынышпен іздеуге тиістіміз.

* Махаббат мектебінен өткен адам сүйгіш адам.

* Өмірден асықпай ләzzat алып өмір сүр.

* Екі әйел бір ерекк әңгімелері мың ертек.

* Қыздың тілімен байланған жігіт.

* Әйелдің сөзін тыңда, бірақ өзің ойлағанды істе.

* Эйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді.

* Қызың үлттың ұясы, халықтың қаймағы.

* Оны бір ойнақтатты-ай кеп, махабbat пен сұлулық дүниесіне шалқытты.

* АナンЫ АРДАҚТАҒАН ЕЛ АСҚАҚТАЙДЫ.

* Эйел қожайынның алқабы, үй тыныштығын, тазалығын сақтағың келсе әйеліңнің жүргегін өмір бойы қуанышқа кенелт.

* Досың мың болса да, аз деп біл. Дүшпаның біреу болса да сақтан.

* Ана құрсағындағы жанға дұрыс көзқарасты қалыптастыру мүмкін емес.

* Бала тууга 40 күн қалғанда тағдыры қалыптаса бастайды еken. Сонда ер мен әйел бірдей бала жатқан жерді аялап, жақсы оймен сөз сөйлеп, ой сезімді болашақ балаға арнау керек.

* Еркек дауысты әйелде ұят болмас. Эйел дауысты еркекте қуат болмас.

* Қызың балаға бейім, көмбіс икемді болу жарасады. Жақсы әйел жаман еркекті хан қылады. Жаман әйел жақсы еркектің басын даң қылады.

* От бастарыңызда ошактарыңыз жансын. Арттарыңызда ұрпақтарыңыз қалсын.

* Қазақстанда жыл сайын ақшаға шаққанда 2,5 миллиард теңгениң жер құнарлығы кемиді еken. Ал түсетін өнім 2,4 миллиард теңгениң құрайды. 2005 жыл.

* Қазақстанда 4,5 мың адам өздеріне өзі қол салған, оның 80 пайызы ерлер болып шықты.

Хабардан депутат Тұтқышев.

6 март 2006 жыл.

* Темекі шеккен адамды ит қаппайды, себебі иісінен қорқады. Темекі шеккенге кейбір ұры тиіспейді, себебі ауруынан қорқады. Темекі шеккенге кейбір жаны таза әйелдер жоламайды, себебі

ұрпақтың арамдануынан қорқады. Ұша - жамбас үстіндегі қабырғалар жиынтығы. Мезе - көздің қиығы.

Кеуілжір - мұрынның жұмсақ жері.

* Ақынға үш нәрсе тән болу керек. 1. Еркіндік, 2. Асаулық,

3. Сезім.

* Қол бастаған оңай ма?

Жол бастаған оңай ма?

Сөз бастаған оңай ма?

* Жолдастарың өзіңе сай ма, сай болса, қол бастаған не қиын болсын. Бағдарлы болсан, жол бастаған не қиын болсын? Барлығынан сөз бастау қиын.

* Адамдар барлық жағынан жақсы болуы тиіс, ойы да, тәні де, жаны да.

* Жастық шақ даналықты менгеруге арналған шақ.

* Батыры бар елдің бәрі батыр.

* Адам бар мен жоқтың арасында өмір сүреді.

* Ел болып еңсенді көтердің, жұртым енді ұлысынды ұлықта.

* Әйелге тірек керек, еркекке жүрек керек.

* Баланы патшадай күт, құлындаі жұмса, досындаі сырлас.

* Байлық қолға ұстаған мұздай ериді де кетеді. Бақыт басқа қонған құс, ұшады да кетеді. Бала артта қалған із, ұрпақтан ұрпаққа жетеді.

* Жаратқанның өзі әр уақытта жанында жүреді. Мұны ешуақытта ұмытып кетпе!

* Адамды ұстаған кездे ол сақтықты бірінші орынга қояды.

* Қасиетті мекен іздесен - ол рух.

* Иә Алла, сіздің таңғажайыптарыңнан тапқан сенім сезімдерімнің нық болуына жол аша гәр.

* Өн - өмір айнасы.

* Баланы онға дейін патшадай сыйла, құрметте. Оннан он жетіге келгенге дейін құлышындағы жұмса, он жетіден кейін тең ұста, досындағы сырлас.

* Буддистер: жан-тәніңмен шын мәнінде сыйына білсөн, санаңа сәуле түседі дейді.

* Көп нәрсениң бәрі елестен туады.

* Өмір өзгереді, соған орай адамдар өзгереді.

* Төрелік айтпа - даудан құтыласың.

* Нағыз өмір тығырыққа тірелген кезден басталады.

* Тағай - құлақтың күйі. Жанақ - беттің томпағы. Мұлік - тістің қызыл еті. Бебешік - таңдайдығы кішкентай тіл. Аргалақ - көз шұңқыры. Мелдек - кенірдектің көне атауы.

* Соғысқа аттардан гөрі биelerді қөбірек пайдаланады екен. Себебі бірнеше сағат бойы соғыс кезінде аттар сие алмай, зорығып өліп кетеді екен. Ал биelerде ондай болмайды.

* Адамзат дүниеге келгеннен бері 90 миллиардтай адам дүниеден өтіпті деген демографтар есебі бар.

* Соғыста өлген жылқылардың еттері сол жердегі елдің адамдарына азық ретінде пайдаланған. Ал сүйек сінірлері, жіліктің майлы бастары бөлек асылып, жидігенше қайнатылып бүл тағам жауынгерлерге беріледі екен. Мұндай тамақ сінір бірден қорытылмай іште ұзак сакталатын көрінеді. Сөйтіп жауынгерлер тоқтығын ұзак сақтауга мүмкіндік туады екен.

* Арап ішу деген не? Арап ішу деген - өз еркімен жындану.

* Арақты тұнғыш рет арабтар емдік дәрі ретінде ойлап тауыпты. Оның зиянын білген соң, харам атап мұлдем ішуге тыйым салыпты.

Арал тенізі

Бұдан 50 мың жыл бұрын пайда болған деседі. Бұдан бес мың жыл бұрын Арал тенізі құрғаган екен. Кейінде қайтадан толған 1960 жылдан бастап Арал тенізінің сұзы азая бастаған.

Қазір бөлініп қалған кіші Араңды толтыру үшін шара жүргізіліп жатыр.

* 2006 жылы Қазақстанда бірінші сыйып партасына 30 мың бала отырған.

* Өз ісінді білмей жүріп құдай ісіне араласпа.

ЭТ-ЭТСКАУН -

Флорида штатында 16 жасар қызыға қосыла алмаған. Сол сүйектісіне арнап биіктігі 20 футтық гранит тастан жалғыз өзі «Маржан сарайын» тұрғызған. Граниттарды өндеп оны көтеріп салған барлық тастардың салмағы мыңдаған тонна екен. Әрбір төртбұрыштап немесе домалақтап өндеген тастардың әрқайсысы үш тоннадан бес тоннаға дейін болған. Осы тастарды өндеп тасымалдау көтеретін барлық құрал-саймандарды өз қолымен жасаған. «Маржан сарайын» 1951 жылы аяқтаған. Қазір ол сарай туристердің әдейі іздел барып көретін тамаша орынға айналған.

ТАНЫМ

* Бесене - мандай алды.

* Қалағы - сал-серілердің бөрікке қадайтын қауырсын. Арлау - атты баптау; Бәйгеге қосуға дайындау. Кәріз - жер астынан қазылған арық. Азар - шағын қора.

* Бура қотан - жастар жиналып отыратын орын.

* Дегерес - даладағы төбелер.

* Хобби - ермек, әуесқой. Принцип - ұстаным, қағидат. Процесс - өзегі, үрдіс барысы. Потенциал - әлеует, қүш-куат, қабілет.

* Зиянат - банкет, Асаба - ойын жүргізуші. Закуска - басқы. Зияфет (араб тілі) - тоқбасар десерт.

- * Мәңгі - наркоман. Құлтөкпе - мағынасыз күлкі деген.
- * Ит жеті қазынаның бірі.
- * Қазақстанда 72 мың жетім балалар бар 72 миллион ақша бөлінді.

TVL 10.12.2004ж.

- * Сілбе - өрім. Саганақ - киіз үйдің иілген тұсы. Алсын - шапқан шөптің орнына шығатын шөп. Керен - су сиыр. Hay - даукас. Әккі - тәжірибелі адам. Қаптағай - жабайы түйе. Қайдак - бойдақ.

* Қазақстанда 98 мың мемлекеттік қызметкерлер бар. Оларға 98 миллион теңге ақша жұмсалады. (Налог төлеушілердің есебінен).

* Қазақстан туберкулезден 1-орын алады. Бұдан өлім-жітімде 4 орында 26 февраль 2005 жыл (TVL)

* Восточно-Казахстанская область. Жили как в свинарнике, брошенных детей около 30, ребят от 5 до 8 лет.

Эдгар Бабаян. 21 октябрь, 2004 г. (Из теленовостей).

* Ұрыым - дәстүр.

* Әр адамға ыңғайлыш бір жұмыс бар.

Әр жұмысқа ыңғайлыш бір адам бар.

Осы екеуінің үйлесімді байланысы арқылы игіліктер көзі ашылады.

* 1991-1999 жылдар арасында Қазақстанда 1,5 млн. адамға азайған, 4 мыңдай бала 20 мемлекетке сатылған.

* Жанның 12 арнасы ана құрсағында басталады: 1. Түсік, 2. Үят, 3. Сүю, 4. Зерде, 5. Мінез, 6. Куат, 7. Ішкі, 8. Жан, 9. Рух тазалығы, 10. Жыныстық мүше, 11. , 12.

* Жираф - керік

* Қазақстанда 300 мың психикалық ауруға ұшырағандар бар. Мұның ішінде өзін - өзі өлтірушілер жиіленген. Телеарнадан 2 сент. 2003 жыл.

